



27 тамыз, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Сапа мен мерзім құрылыстың басты талабы




5 Жан түкпіріне жүрек шырағын жаққан



7 Қоғамдық тәртіпті сақтау күр сөз емес



8 Қазақ боксының атасы кім?



ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Жолдауын жариялайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялайды деп хабарлайды Ақорда.

Жолдаудың негізгі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналады. Бұған дейін белгілі болғандай, 1 қыркүйек күні Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтеді. Тиісті өкімге Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов кол қойды.

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ алқалы жиында айрықша аталды



Екі жылдан бері пандемия салдарынан педагогтардың тамыз кеңесі өткізілмеген еді. Жаңа оқу жылы қарсаңында бұл келелі кеңестен ұстаздардың күтері көп. Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Білімді ұлт: терең білім, еңбеккорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбындағы алқалы басқосуда 1000-ға жуық педагог болды. Сала қызметкерлері білім мен тәрбие берудің мәселелерін ортаға салып, ұлттық құндылықтарды ұлықтаудағы ұстаздардың алдағы міндеттерін саралады.

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Кеңес жұмысына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Сенатының депутаттары Мұрат Бақтиярұлы мен Ақмарал Әлназарова және облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, мәслихат депутаттары, сала ардагерлері қатысты. Пленарлық мәжіліс жұмысы онлайн режимде Youtube желісі арқылы трансляцияланып, аудан әкімдері мен аудандағы педагогикалық қауым бейне-

конференциялық байланыста болды.

Білім беруді дамытудың келелі кеңесін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ашып, өңірде бұл бағытта қолға алынған ауқымды жобаларды таныстырды.

– Білім – жан-жақты және жүйелі жұмысты қажет ететін күрделі, әрі ауқымды сала. Соның маңызды құрамының бірі – қаражат мәселесі. Биылғы жылы білім саласына бөлінген қаржы 204,8 млрд теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 42,8%-ын құрады. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда

17%-ға артық. Алдағы жылдары білім саласына бөлінетін қаржы көлемі арта бермек.

Біз үшін бала өмірі, оның қауіпсіздігі қашанда маңызды. Үкіметтің кеңейтілген отырысында балабақшаларға лицензиялау тәртібін қайта енгізу міндеті қойылды. Мәселе бала қауіпсіздігіне тікелей қатысты болғандықтан, бұл міндеттер бірінші кезекте орындалуы тиіс. Бүгінде облыстағы 601 балабақшаның 439-ы жеке сектордың үлесінде, яғни басым бөлігі шағын және орта бизнес өкілдеріне тиесілі. Ендігі кезекте балабақша құрылтайшылары да жоғары жауапкершілік танытып, қауіпсіздік мәселесіне жете мән беруі керек, – деді облыс әкімі. Осы ретте облыстық білім басқармасы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен бірлесіп, қыркүйек айынан бастап көтерілген мәселеге қатысты тиісті дайындық шараларын жүргізуді қолға алуды тапсырды.

2-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

Инвестор есебінен жаңа ЖЭО елімізде алғаш Қызылордада салынады

Сыр елінде бұрын-соңды болмаған заманауи үлгідегі қуаттылығы 240 мегаваттқа жететін жылу-электр орталығы салынады. Таяуда ғана нысан құрылысын жүргізетін инвестор анықталып, алғашқы жұмыстар басталған. Осыған байланысты өткен бейсенбіде арнайы жиын өтіп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев инвестор компанияның өкілдерімен кездесті.

Биболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

Жиында жобаны жүзеге асыру мәселелері қаралды. Отырысқа жаңа жылу орталығының инвесторы «Акса Энерджи» түрік компаниясының Қазақстандағы басшысы Мұстафа Кемаль мен ҚР Энергетика министрлігінің жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығының директоры Гүлжан Қалижанқызы қатысып, тараптар арасында екіжақты келісім-шарт жасалды.

Бүгінге дейін қызылордалықтар электр энергиясы мәселесіне алаңдап келді. Себебі қаладағы электр-жылу орталығы 50-60 жылдан бері үздіксіз жұмыс жасағандықтан, электр желілерінің де әбден тозығы жеткен. Бұл сөзсіз электр жүктемесіне салмақ салады. Өзекті мәселеге қатысты аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Энергетика министрлігімен бірлесе отырып оңтайлы шешім қабылдады. Мамыр айындағы Сыр еліне сапары барысында министр Болат Ақшолоақов мұндай мүмкіндік алғаш болып Қызылорда өңірінде бастау алғанын тілге тиек еткен еді.

Жиында облыс әкімі бұл күннің Сыр өңірі үшін тарихи күн екенін айттып, жобаның маңыздылығына айтқанды.

– Облыс орталығында жаңа жылу-электр орталығының құрылысын бастаудың алғашқы қадамы ретінде инвестормен келісім-шарт жасалды. Қызылорда жылу-электр орталығы – өңірдегі электр энергиясын өндіретін жалғыз кәсіпорын. Дегенмен, өткен ғасырдың 60-жылдары пайдалануға берілген орталықтың бүгінде 90 пайыздан астамының тозығы жетіп, қажетті электр қуатының тек 30 пайызын ғана қамтамасыз етуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында оңтүстік өңірлерді үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету

мақсатында 3 жылда қуаттылығы 1000 мегаватт манерлік станциялар салуды тапсырған болатын. Осы мақсатта республика бойынша екі өңір таңдалып, соның ішінде Қызылорда қаласында жалпы құны 215 млрд теңгені құрайтын, қуаттылығы 240 мегаваттық бу-газ қондырғысын салу айқындалды.

Энергетика министрлігі тарапынан инвестор таңдау бойынша аукцион өткізіліп, нәтижесінде «Акса Энерджи» компаниясы жеңімпаз болып танылды. Өлемнің бірқатар елдерінде жылу-электр орталықтарын салған компания – электр энергиясын өндіру саласындағы тәжірибесі мол, жетекші компаниялардың бірі. Игілікті іске қолдау білдірген министр Болат Ақшолоақов және «Акса Энерджи» басшылығына Сыр жұртының атынан алғысымды білдіремін. Аймақ тарихындағы маңызды жобаның сапалы, уақытында жүзеге асырылуы үшін бар күш-жігеріміз бен мүмкіндіктерімізді жұмсайтын боламыз, – деді облыс әкімі.

Жиында түрік компаниясының Қазақстандағы басшысы Мұстафа Кемаль жаңа нысан 2025 жылы ел игілігіне берілетінін жеткізді.

– Жобаның Қызылорда үшін ғана емес, Қазақстанға да берері мол болады деп сенемін. Келешекте осы нысан энергетикалық қауіпсіздікті сақтауға айрықша мүмкіндік береді, – деді Мұстафа Кемаль.

Өз кезегінде Гүлжан Қалижанқызы бұрын-соңды шетелдік инвестор есебінен Қазақстанда жылу-электр орталығы салынбағанын атап өтті. Жаңа бу-газ стансасы қазіргі электр энергиясының тапшылығын жоюға, тұрғындарды тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етуге, жалпы еліміздегі энергетикалық қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді.

3-бет

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызды толғандырған, кешегі кеменгер Абай атамғызды тебіренткен, бүгінде бір мені емес, еліміздің саналы азаматтарын мазалайтын бір ғана мәселе, ол – халықтың рухани дүниесі. Себебі, дәл қазір қазақ елі жаһандану кезеңінде. Қай жағынан алып қарасақ та, ТМД елдері арасында қарқынды түрде алдыңғы шепте.

Қоғамды кімдер тәрбиелеп жатыр?



Осыдан төрт-бес жыл бұрын әлеуметтік желідегі коуч-психологтарға қазақтың келіншектері тізілгенін байқадым. Бұдан өзгерісті қажет ететін ауыр күндердің басталғанын түсіндім, яғни қазақ әйелдерінің жан дүниесіне үнілуім сол тұста бастау алды. Еліме деген жанашырлық, ұлтыма деген патриоттық сезімде әрі дін маманы ретінде бұл жайтқа бейғам қарай алмай, мен не тындырдым деген сауалды өзіме қойдым. Кімге пайдам, кімге зияным тиді, кім тәлім алды, кім тәрбие алды, кім қалыс, кім алыс қалды, кім қамтылды, қамтылмады деген сұрақтар тұс-тұстан

қаумалағанда, қызметтік іс-тәжірибем сарапқа түсті, ойық тұстары бірден көрінді. Біріншіден, отыз жыл бойына асыл дініміз тек мешіттің маңайында өрбіпті. Оның өзінде ер-азаматтарымызға басымдық беріліп, қазақ әйелдері біршама тысқары қалған екен. Ислами қағида бойынша ер адам әйел затынан бір саты жоғары тұрады дейміз. Алайда, әйелдің жәннәті – оның ері, күйеуінің разылығында деген үкімді біз айнытпай жеткізгенімізбен, дінге келгені де, келмегені де тура осы тұсты біржақты қабылдап алған тәрізді.

5-бет

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Өзінде болмаса, өзгеге жаутаңдайсың

Арзан азық-түлік осында бар десе, соған ағылған жұрт көбейді. Басты себеп – мың құбылған баға. Қарапайым көп дүкенге бас сұққан адам келесі дүкеннен өзге бағаны көреді. Таңғалмайды бірақ. Үйренген. Ойындағы цифрды ойланбай қоятын дүкен ұстаған кәсіпкерлер бар. Бәрі демейміз. «Ау, әлгіде көшенің аргы бетіндегі дүңгіршектен картоптың келісі 160 теңге еді, мұнда неге 200?» деген сұраққа иығын қиқаң еткізген сатушының үнісіздігі келушілерді осылай «женіп» жүр.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Қымбатшылық қысып тұрғанын жасыра алмаймыз. Нақты себебін айтушы да, алдағы күнге болжам құрушылар да жоқ емес. Баға тұрақтандыруға барынша тырысқан сала мамандары да аз еңбек етіп жүрген жоқ. Тиісті шара атқарылып келеді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің тізімі бар бізде. 19 түрлі өнім халыққа ұсынылған. Кейде мұның өзі табылмайды. Әсіресе, қант. Облыстағы сауда нүктелерінде бұл өнім кездеспей, жұртты біраз әбігерге салғаны бар. Аймақтағы тұрақтандыру қорында 800 тоннаға жуық түрлі өнім бар екен. Жалпы мұндағы қорды қалыпты ұстау үшін кейінгі үш жылда 3,9 млрд теңге ақша бөлініпті. Бұл қар-

жы облыс қазынасынан беріліп келеді.

Қордағы бар өнім 38 әлеуметтік дүкен және облыс орталығындағы 17 ірі сауда үйінің әлеуметтік бұрыштары арқылы сатылуға. Жоғарыда айтқандай, әлеуметтік маңызы ие 19 түрлі өнім белгіленген бағамен сатылады. Бұл жекеменшік дүкендердегі бағаға қатысы жоқ әрі одан біраз арзан екені белгілі. Бұған үйренген жұрт ірі маркеттер мен дүкендерге сирек бас сұғып жүр. Қалтаға салмақ сала қоймайтын әлеуметтік дүкендерді жағалайтын болған. Дейтұрғанмен, мұнан қалауыңша көтеріп алып кете алмайсың. Мысалы, күнбағыс майын үш литрден артық алуға болмайды. Бұл –



өзге де тұтынушыға осы өнім керек деген сөз. Әрине, арзан болған соң, көтере сатып алғысы келетіндер жеткілікті. Бірақ, басқа да қажет етуші ағайынның керегін ойлаған жөн. Бұл да ақылға сыйымды. Бір топ журналист қала шетіндегі үлкен қоймада болдык. «Алтын қамба» агро-

өнеркәсіп комбинаты» деп аталатын серіктестікте тұтынушыларға қажетті азық-түлік қоры жинақталады. Көргеніміздей мұнда ұн, күнбағыс майы, қарақұмық пен күріш қоры жеткілікті. Жакын күндері өзге өңірден картоп, сәбіз, жуа келмекші.

4-бет



БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ алқалы жиында айрықша аталды

Бүгінде апатты және үш ауысымды мектептерді жою кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Аймақтағы 6 мектептің үш ауысымды оқу қаупі барын айтқан облыс басшысы, апатты деп танылған 3 білім ордасының үшеуі қыркүйек айында ел игілігіне берілетінін мәлімдеді. Сондай-ақ, Арал ауданы Тоқабай ауылындағы апатты мектеп әкімдіктің ұйымдастыруымен жеке инвестор есебінен салынууда. Қазалы ауданындағы №94 мектептің жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Алдағы 3 жылда облыста 20 мемлекеттік мектептің іргетасы қаланатын болады. Биылдың өзінде 6 жаңа мектеп бой көтерсе, оның 2-уі келер айда, қалған 4-уі жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Сонымен қатар 6 мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 2,1 млрд теңге қаралған. Әрбір нысанның уақытылы әрі сапалы аяқталуына мердігерлер мен мектеп директорлары мүдделі болуы тиіс екенін Нұрлыбек Машбекұлы қаперге салды.

Жыл сайынғы демографияның әсерінен мектептерде орын тапшылығы туындайтыны жасырын емес. Қажеттілікті ескерген облыс басшысы жыл аяғына дейін қаладағы Абай мектебіне 550, №101 мектепке 375 орынға лайықталған қосымша құрылыс салынатынын айтты. Осы арқылы көп жылдардан бері шешімін таппаған бұл мектептегі үш ауысымға ауысу қаупі сейілемек. Тағы бір жағымды жаңалық – 2024 жылы «Арай», «СПМК-70» шағын аудандары мен Сырдарияның сол жағалауында жаңа мектептер бой көтеретін болады.

Кейінгі уақытта мұғалім мәртебесін көтерудің барлық алғышарттары жасалып, материалдық ынталандыру аясы кеңеюде. 2020 жылдан ұстаздарға қажетті үстемалы төленуде, биыл бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 52,4 млрд теңге қаржы бөлінген. Келесі жылы педагогтер жалқысы тағы 25 пайызға көбейеді. Бұл – мұғалімдерді әлеуметтік қолдаудың нақты бір қадамы екеніне тоқталған облыс әкімі қоғам алдында ұстаздардың беделін арттыруға ынталы екенін тілге тиек етті.

Білім беру жүйесіне ротациялау тәртібін енгізу уақыт талабынан туындаған міндет. Рас, бізде бір орында 10-15 жыл және одан да көп қызмет атқарып жүрген директорлар аз емес. Олардың арасында өз жұмысын жетік білетін, білім беру ұйымдарының дамуына елеулі үлес қосып жүрген басшылар да бар. Әлеуметтанушылардың пікірінше, мекемені ұзақ жылдар басқару адамның бастамашыл идеясы мен жұмысқа деген ынтасын төмендетеді. Сәйкесінше, басшыларды ротациялау сала дамуына жаңаша леп, тың серпін береді. Осы мәселеге қатысты облыс әкімі білім басқармасына заң шеңберінде ротациялау рәсімдерін 1 қазанға дейін аяқтауды тапсырды. Сонымен бірге экономика және қаржы басқармасымен бірлесіп, дарынды шәкірттер мен олардың ұстаздарын қаржылай қолдауға қатысты ұсыныс енгізуді қадап айтты.

– Бірнеше ай бұрын жазғы тынығу лагерьлерін аралап, балалардың жағдайымен таныстым. Шын мәнінде, бізге әлі де болса, лагерь жұмысын жандандыру қажет. Қызметі жыл он екі айға лайықталған «Қамбаш» және «Талдысу» лагерьлері тек жазғы маусымда ғана жұмыс жасауда, қалған уақытта бос. Балалардың білім қарқынына ілесіп, таным көкжиегінің кеңейгенін қаласақ, лагерьлердің жыл мезгілдерінде де балаларға барынша тиімді қызметін ұйымдастыруға міндеттіміз. Менің тапсырмаммен биылдан бастап екі лагерь жыл бойы жұмыс жасайтын болады. Мұнда аймақтың дарынды балалары республикалық, халықаралық олимпиадаларға дайындалып, үздік ұстаздардың тәлімін алып, дәрісін тыңдайды. Бұған облыстық бюджеттен 86 млн теңге қарады. Келешекте бұл қаржы еселеп қайтады. Осы ауқымды жұмыстардың жалғасы ретінде – Қызылорда қаласы, «Сабалақ» саяжайындағы 150 орындық қосымша білім беру орталығы мен Қармақшы ауданындағы тынығу лагерін қайта құрылымдап, дарынды балаларға арналған мектеп-интернат ретінде келесі жылы пайдалануға береміз.

Тамыз кенесінің жұмысына арнайы келген Оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев салалық министрліктің алдағы оқу жылында атқаратын жұмыстарына тоқталды.

– Бүгінгі таңда білім саласында атқарылып жатқан жұмыстар өте ауқымды. Соның бірі мұғалім мәртебесі туралы Заң қабылданғаннан бері қағазбастылықтан біршама арылды. Келесі жылы ұстаздардың жалақысына 25 пайыз қосылып отыр. Барлық қосылып отырған үстемелерді санамайтын болсақ, ауыл мұғалімінің айлығы 400 мыңға жуықтады. «Үздік педагог» мәртебесі атымен иеленгендерге 1000 АЕК сыйақысы тағы бар. Ол 3 миллионға жуық қаржы. Сонымен бірге, өткен жылы Қазақстанның Еңбек сіңірген ұстазы атағын 26 мұғалім иеленді. Оған да 1000 АЕК көлемінде сыйақы қаралған. Былтыр Тәжікстанда педагогтердің съезіне барғанымда біздің министрлік білім саласындағы істерді баяндағанда бүкіл ұстаздар қол соғып, танданыстарын жасырмады. Өздерінің «Қазақстанға келіп, мұғалім болуды армандап отырмыз» дегені есіме түсіп тұр. Білім беру саласындағы мұғалім мәртебесін көтерудегі жұмыстар биыл да жалғасын табады. Аталған



ауқымымен шектеліп қалмасы анық. Балалар жыл он екі ай үлкендердің көз алдында, елінің қамқорлығында болуы тиіс. Өндіре атаулы жыл аясында атқарылу үстіндегі жұмыстар легі ауқымды. Біз бұл жылды ұрандап откізбей, нақты іспен діректеуді ойластырдық. Бірінші кезекте әлеуметтік маңызға ие шаралар – Қызылорда қаласында көпбалалы отбасылар үшін 50 пәтерлік тұрғын үй пайдалануға берілді. Балаларды қорғау күнінде арнайы санаттағы балалар мен халықаралық пәндік олимпиада жүлдегерлеріне ноутбук, республикалық лагерге жолдама табыстадық. «Атамекен» балалар ауылының түлектері Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім грантына ие болды. Ал, балалар үшін қомақты сый – Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайын» салу бойынша «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы басшылығымен келісімге келдік. Нысан Сырдария өзенінің сол жағалауында бой көтеретін болады. Бюджетте қаржы жоқ, қаралаған деді, жеткініштер үшін ең қажетті жобаларға келгенде үнсіз қалуды жөн көрмедік. Себебі дана халқымызда «Жоқ деген жерге, бардың шырағын алып бар» деген жақсы сөз бар. Біз балалардан ештеңе аямаймыз.

Қызылорда облысы да келер жылы қосылатынына сенім білдірді. Республика көлемінде мектебі жок 1066 елді мекен бар. Онда 25 мыңнан аса оқушы тұрады. Оқушыларды қолайлы, жайлы автобустармен қамтамасыз ету мемлекеттен қолдау табу. Биылдың өзінде қауіпсіз 515 автобус алынатын болса, оның ішінде біздің өңір де қарастырылған.

Алқалы жиында білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет облыстың білім беру жүйесін дамытудың негізгі міндеттерін айтты. Оның сөзінше, мектепке дейінгі білім беруде балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жанартылған тәсілдеріне, баланы тәрбиелеу процесіне отбасын тартуға негізделген жаңа модельді іске асыру жалғасатын болады. Осы ретте мектепке дейінгі ұйымдарда басшылар мен тәрбиешілердің біліктілігін арттыру, жаңа бағдарламалар енгізу, балабақшалар жұмысының сапасын арттыру қозғалды.

– Ұлттық жоба шеңберінде 2025 жылға қарай 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен 100% қамту міндеті тұр. Бүгінде облыс бойынша бұл көрсеткіш 90%-ды құраса, Қызылорда қаласында 86%. Аталған индикаторға қол жеткізу мақсатында бизнесті белсенді тарту арқылы



Бұл ретте, мерейлі жылы балаларға тарту ретінде демеушілер есебінен 1 млрд теңгеге қаламызда 50-ге тарта спорт алаңын, аудандарда 600 млн теңгеге 30-дан астам ойын алаңын салудамыз. Бұл – балалардың бос уақытын тиімді пайдаланудың жақсы мүмкіндігі. Осы мінберді пайдалана отырып, балаларға үлкен қуаныш сыйлаған барша кәсіпкерлерге шынайы алғысымыз білдіреміз. Кәсіпкерлер есебінен мұндай спорт алаңдарының бір мезетте салынуы, аймақ тарихында бұрын-соңды болған емес, – деді облыс әкімі. Мәртебелі мамандық иелеріне ризашылығын білдіре отырып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, еңбектеріне табыс тіледі.

Тамыз кенесінің жұмысына арнайы келген Оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев салалық министрліктің алдағы оқу жылында атқаратын жұмыстарына тоқталды.

– Бүгінгі таңда білім саласында атқарылып жатқан жұмыстар өте ауқымды. Соның бірі мұғалім мәртебесі туралы Заң қабылданғаннан бері қағазбастылықтан біршама арылды. Келесі жылы ұстаздардың жалақысына 25 пайыз қосылып отыр. Барлық қосылып отырған үстемелерді санамайтын болсақ, ауыл мұғалімінің айлығы 400 мыңға жуықтады. «Үздік педагог» мәртебесі атымен иеленгендерге 1000 АЕК сыйақысы тағы бар. Ол 3 миллионға жуық қаржы. Сонымен бірге, өткен жылы Қазақстанның Еңбек сіңірген ұстазы атағын 26 мұғалім иеленді. Оған да 1000 АЕК көлемінде сыйақы қаралған. Былтыр Тәжікстанда педагогтердің съезіне барғанымда біздің министрлік білім саласындағы істерді баяндағанда бүкіл ұстаздар қол соғып, танданыстарын жасырмады. Өздерінің «Қазақстанға келіп, мұғалім болуды армандап отырмыз» дегені есіме түсіп тұр. Білім беру саласындағы мұғалім мәртебесін көтерудегі жұмыстар биыл да жалғасын табады. Аталған



«Әліппе» мен «Ана тілі» оқиды. Орыс тілі екінші сыныптан, ал үшінші сыныпта ағылшын тілін оқыту мәселесі қолға алынады. Жалпы жаһандық курстарды енгізу жылғыдан бастап қолға алынған болатын. Оның аясында балаларды жан-жақтылыққа дайындаймыз. Соның бірі мектепте домбыра үйретуді жоспарлап отырмыз. Президент тапсырмасымен елімізде мың мектептің құрылысын салуды жалғастырамыз. 2021-2025 жылдар аралығында 1 миллионға оқушы саны артады екен. Мектептерде орын тапшылығын болдырмаудың алдын алуда Мемлекет басшысының тапсырмасы өнірледі жалғасады. Өткен жылдың өзінде 277 мектеп пайдалануға берілді. Биыл 725 білім ошағы іске қосылады. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент бұл мектептерді салуды мемлекеттің мойнына алуды тапсырып, «жайлы мектеп» жобасын қолға алуды жүктеген еді. Бүгінгі таңда бұл жоба аясында 504 мектеп таза республикалық бюджеттен қаржыландырылды. Осыған дейін мектептер кітапханаларында көркем әдебиет кітаптарын алу 5-ақ пайызды құраған екен. Президенттің қолдауымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асуда. Оған бірнеше миллион ақша қаралып, жыл сайын мектеп кітапханасындағы көркем әдебиеттердің алынуы қалағаланып отыр. Кейбір мектептерде 200 данаға дейін біркелкі кітаптарды сатып алын. Біз оларға ескерту жарияладық. Бекітілген 200 дана кітаптың тізімін жібердік. Бірақ барынша қазак тіліне аударылған әлем әдебиетін, заманауи кітаптарды, оқушыларды қызықтыратын кітаптарды қамтуды қолға алудың маңызы зор, – деді вице-министр. Сонымен қатар ыстық тамакпен қамту мәселесінде сөз етті. Республика бойынша 1-4 сынып аралығындағы оқушыларды 6 өңір қамтып отыр. Биылдан бастап Алматы қаласы қосылған. Бұл бастамаға

жұмысты жалғастырамыз. Алдағы уақытта лицензиялау талаптарының кезең-кезеңімен енгізілетінін ескере отырып, ашылатын орындар мен балабақшалардың талапқа сай болуын қамтамасыз етеміз. Облыстағы 65 балабақша аттестаттау шараларымен қамтылған. Оның ішінде 33-і (50,8%) қайта аттестаттауға түсіп, 27-і өткен, қалған Арал, Шиелі, Жанакорған, Қызылорда қаласындағы 6 балабақша қайта аттестатталады. Осыған сәйкес, басқарма мен білім бөлімдері мектепке дейінгі ұйымдарда аттестаттау, кезең-кезеңімен енгізілетін лицензия талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдайтын болады. Өздеріңізге белгілі жаңа оқу жылы жаңа міндеттер жүктеуде. Қызылорда қаласындағы үш ауысымда оқытатын 6 мектептен басқа, аймақтағы барлық білім беру ұйымдары 5 күндік оқу аптасына ауыстырылады. «Денешынықтыру» және «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні топқа бөлінбейді. Осы себептен аймақтағы денешынықтыру және орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің сағат жүктемесі төмендеп отыр. Өткен оқу жылында облыстағы 2 095 денешынықтыру пәні мұғалімінің 623-і немесе 29,7%-ы, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 1689 мұғалімнің 511-інде, яғни 30,2%-ында апталық жүктемелері 6-15 сағат аралығында қалыптасқан. Осымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 1 721 мұғалімнің 708-і немесе 41%-ның сағат жүктемесі толымсыз. Осының ішінде Қазалы ауданында – 55%, Жалағаш пен Сырдария аудандарында – 61%, Шиелі ауданында – 64% болып отыр. Жаратылыстану бағытындағы биология пәні бойынша осы тектес жағдай. Аймақтағы 695 биология пәні мұғалімінің 46,6%-ның жүктемесі толмаған. Басқа пәндер бойынша да осындай жағдай. Апталық оқу жүктемесінің толық қалыптасуы білім сапасына тікелей әсер ететіндігі айтпаса да түсінікті.

Осыған сәйкес, мектеп директорлары ұстаздардың апталық оқу жүктемесінің толық болуын, сағаттардың ұсақталмай бөлінуін қамтамасыз етуге міндетті. Бұл бойынша әр мектепке толық талдау жасалып, ұсыныстар берілетін болады. Денешынықтыру және орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша басқарма мен білім бөлімдері тарапынан мұғалімдерді тиісті жүктеменен қамту бойынша қажетті шаралар қабылдануда, – деді ол. Сонымен бірге басқарма басшысы алдағы оқу жылында «Алтын белгіге» үміткерлер «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша қорытынды аттестаттаудан «Назарбаев Зияткерлік Мектебі» базасында өтетінін айтты. Педагогтер үш жылда кемінде бір рет біліктілік арттыру курстарына қатысуы тиіс. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруда өзара тәжірибе алмасу өте маңызды. Министрлік тарапынан біліктілік арттыру сертификаттарының бірыңғай базасы жасақалатынын да хабарлар етті. Әрбір білім беру ұйымдарында педагогтердің біліктілік арттыру курсынан өту мерзімдеріне байланысты перспективалық жоспарлар әзірлеу керектігіне назар аударды. Бұл мәселе білім бөлімдерінің жігі бақылауында болатынын қаперге салды.

– Биыл мектепті 7 506 түлек аяқтап, оның 6570-і немесе 87,5% -ы ҰБТ-ға қатысты, өткен жылмен салыстырғанда тестілеуге қатысушылар саны – 2,7%-ға артты. Дегенмен ҰБТ-ға қатысу көрсеткіші Арал, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандарында облыстың көрсеткішінен төмен. Тест қорытындысымен мемлекеттік білім беру грантын иеленуге қатысқан 5439 талапкердің 75%-ы немесе 4082-сі грант иегері атанды. Осы ретте, талапкерлердің мемлекеттік білім беру грантын иелену көрсеткіші бойынша Шиелі ауданы мен Қызылорда қаласы төменгі деңгейде. Талапкерлердің басым бөлігі педагогикалық бағыттағы мамандықтарды таңдады – 1562 (38,3%). Оның ішінде оқу жылы қорытындысымен «Алтын белгі» иеленген түлектердің 160-ы, яғни 41,1%-ы педагогикалық мамандықтар бойынша грант жеңімпазы. Медициналық мамандық – 328 (8%), техникалық бағытқа – 1 128 (27,6%), ауыл шаруашылығы мамандықтарына – 302 (7,4%), басқа да мамандықтар бойынша – 762 (18,7%). Өткен оқу жылы қорытындысымен мектеп директорлары Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан 936 және білім грантынан тыс қалған 1357, жалпы облыс бойынша 2 293 түлекпен жеке жұмыс жүргізіп, олардың орналасуын қамтамасыз етуі тиіс. Білім бөлімдері осы жұмысқа тікелей жауаптылыққа, – деді М.Шермағанбет.

Педагогтердің басқосуында Сенатор Мұрат Бақтиярұлы, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, «Нұрай» ЖШС құрылтайшысы, меценат, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Сейтқали Алышбаев, №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының директоры Қарлығаш Ақышева саладағы өзгерістерге тоқталып, дарынды балаларды қолдау, білім берудің ортақ мәселелерін талқыға салып, идеяларымен бөлісті.

Жиын соңында облыстың білім саласының дамуына үлес қосқан ардагерлер мен ұстаздар құрмет төрінен көрінді. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардагер ұстаз Төлепберген Қасымов пен Марк Подольскийге облыс әкімі Қызылорда облысының Құрметті азаматы атағын табыстады.

Ал білім беру ұйымдары арасында өткен конкурс нәтижесінде ауыл мектебіне 34 миллион теңгенің сертификаты бұйырды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жеңімпаз атанған Арал қаласындағы Ұ.Қараманов атындағы №262 мектеп-гимназиясын директорына арнайы грантты салтанатты түрде табыстады. Бұл мектеп республикалық «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында 1200 орындық оқушыға арнап салынып, 2009 жылы пайдалануға берілген. Білім ордасы серіктес мектеп ретінде қарамағындағы 15 мектептен өзара ынтымақтастық орнатқан облыстағы инновациялық үлгідегі мектептердің бірі.

Кенестегі қуанышты сәт – жырда ғана көріз құдығынан кішкентай баланы құтқарған Арман Аманжоловқа облыс әкімінің демеушілер көмегімен екі бөлмелі пәтердің кілтін табыстауы болды. Бозбаланың ерлігіне сүйсінген көпшілік орнынан тұрып, қошамет көрсетті.

– Мемлекет басшысы тарапынан азаматтарымыздың мұндай ерекше батыл қимылдарын елеусіз қалдырмай, өзгелерге үлгі ету туралы ұстанымы аясында бүгін Арман батырға, оның ата-анасына барша Сыр елінің атынан ризашылығымызды білдіреміз. Бүгінде аймағымызда жоғары жүректі жанашыр азаматтар жетерлік. Сол демеушілердің атынан бүгінгі бейбіт күннің батыры болған бозбалаға пәтер кілтін табыс етеміз, – деді облыс басшысы.

Жиында облыс әкімінің грантын иеленген 100 оқушының бірқатарына грант табысталды. Өңір басшысы үлкен өмірге қадам басқан жастарға сенім білдірді. Сонымен бірге, еңбегімен көзге түсіп, үздік шәкірттерімен танылған 3 мұғалім «Б.Алтынсарин» төсбелгісімен, 2 азаматқа «Білім беру ісінң Құрметті қызметкері» төсбелгісі тағылды. «Еңбек ардагері», «Мейірім» төсбелгісінің иегерлері анықталып, 5 мұғалімге облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

Инвестор есебінен жаңа ЖЭО елімізде алғаш Қызылордада салынады



– Қаржы-есеп айырысу орталығы бүгін жасалған келісім-шарт шеңберінде жаңа электр стансасының электр қуатын 15 жыл ішінде сатып алуы жүзеге асыруға кепілдік береді. Министрлік пен Қызылорда облысының әкімдігі және жобаға қатысы бар мекемелер электр стансасы үшін барлық жағдайды жасап жатыр. Қаржы-есеп айырысу орталығы құрылған сәттен бастап Энергетика министрлігінің қолдауымен жасыл энергетика, дәстүрлі энергетика саласындағы электр қуатын сатып алу, қамтамасыз ету бойынша бірқатар жобалар қолға алынған. Бұл сөзсіз еліміздің энергетика саласына деген сенімді арттырады. Шетелдік, жергілікті инвесторлардың қызығушылығын тудырады, – деді Гүлжан Қалижанқызы.

Басқосуда ел ағалары мен энергетика саласының ардагерлері игілікті істің алғашқы қадамына куә болып, газарда бір салынатын нысанды елдің несібесіне балады. – Жылу мәселесінде көптеген қиындықтар болған еді. Бір кездері жылу-электр орталығы істемей қалып, қаланың әрбір кварталына жылу қазандықтарын қойып, халыққа солай да жылу берген уақыттар болды. Сондықтан осы бастамаға өте қуаныштымыз. 60 жылдан астам уақыт жұмыс істеп, бірнеше рет апатты жағдай орын алған жылу-электр орталығының ауыртпалығынан құтылатын уақыт келді деп ойлаймын. Бұл – халықтың тұрмыс-тіршілігіне оң әсер ететін жоба, – деді ҚР Құрметті құрылысшысы, Қызылорда облысының құрметті азаматы Жарылқасын Шәріпов. Сондай-ақ, энергетика саласының ардагері Мұхитжан

Кәрімбаев нысан аймақтың болашағына, өндірістің дамуына үлкен ықпал ететінін атап өтті. Станса электр энергиясын өндіруде ғана емес, электр энергиясы байланысын апатты жағдайлардан сақтауға көмектеседі. – Мен еңбек жолымды 1980 жылы ЖЭО-дан бастағанмын. Ол кезде Озбекстанның Ангрен көмірімен жұмыс істейтін. Көмірдің ылғалдылығы жоғары болғандықтан, қазандықтар жиі істен шығатын. Сол кезде 9 қазандық болатын. Қызылорда қаласын толық жылумен қамтамасыз етіп отырды. 1991 жылы Кеңес үкіметі тараған соң ол көмірдің орнын Екібастұздың көмірі басты. Бірақ ол көмірден көп құл қалатын. Ол да тиімсіз болды. Салдарынан ТЭЦ жұмысы жиі тоқтайтын. Ақыры сол құл шатырына жиналып, ол құлап, 1998 жылы қыс ортасында қала жылуы қалған. Сондай

қиын жағдайлар болды. Кейін біршама жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, екі турбогенератор іске қосылды. Қазір екі қазандық жұмыс істеп тұр. 2005 жылы газ келгеннен кейін газбен жылыту стансасы қосылып, электр энергиясын өндіруге септігін тигізді. Дегенмен, оны жаңғыртуға қаржы бөлінгенімен, қазіргі саяси жағдайларға байланысты қондырғыларын алдыру мүмкін болмай отыр. Нысан ешқандай резервсіз жұмыс істеп тұр. Сондықтан жаңа электр стансасының салынуы бізді өте қуантып отыр, – деді Мұхитжан Кәрімбаев. Аймақ үшін маңызы зор нысан құрылысының алғышарты жасалған жынанан соң облыс әкімі журналистерге сұхбат берді. Аймақ басшысы орталық құрылысын Түріктің «Акса Энерджи» компаниясы өз қаражаты есебінен жүргізетінін атап өтті.

– Жоба аймағымызды алдағы уақытта жылумен электр энергиясымен толық қамтамасыз етеді. Артылғанын сатуға да мүмкіндігіміз болады. Осылайша, Қызылорданы ғана емес, басқа да өңірлерді қауіпсіз энергиямен қамтамасыз етуге жол ашады. Келісім-шарт бойынша жобаның мерзімі – 36 ай. Дегенмен, инвестор 1,5-2 жылда толық бітіруге мүмкіндігі бар екенін мәлімдеп отыр. Бұл бағытта компания басшыларымен қосымша келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Үлкен жобаның жүзеге асуына қолдау көрсеткен, шешім қабылдаған Мемлекет басшысына, Үкімет басшысына, министрлікке үлкен алғысымызды білдіреміз, – деді Нұрлыбек Нәлібаев. Айта кетейік, «Акса Энерджи» – мазут, табиғи газ, жел генераторлары мен су-электр станцияларында электр энергиясын өндіру саласын-

дағы әлемдік тәжірибесі мол, жетекші компаниялардың бірі. Алпауыт мекеме Африканың Гана, Мали, Мадагаскар, Конго елдерінде және Озбекстан мен Түркияда жылу-электр орталығын салған. Ал, Қызылордадағы жоба желтоқсан айында басталады. Бүгінгі таңда есептеу, зерделеу жұмыстары жүруде. Айту керек, жалпы құны 215 млрд теңгеден асатын жаңа нысан энергия жетіспеушілігін едәуір төмендетеді. Бұл – Тәуелсіздік алған жылдары елімізде бюджеттен тыс қаржы көздерінен, яғни шетелдік инвесторлардың қаржысына іске асырылатын ең ауқымды жоба. Мұнан бөлек, Биыл облыс бойынша 23 әлеуметтік нысанның жылу қазандығы қайта жаңғыртылады. Осы жұмыстарға республикалық және облыстық бюджеттен 676 млн теңге бөлінген.

Сапа мен мерзім – құрылыстың басты талабы



Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов Жаңақорған ауданында болып, құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Жаңақорған кентінің С.Сұлтанмұратов көшесіндегі 300 орындық мектептің құрылысын «Авангард» ЖШС жыл соңына дейін бітіруді жоспарласа, МАИ бекетіндегі 600 орындық мектеп құрылысы аяқталғанымен, анықталған кейбір кемшіліктерді жөндеу өте баяу жүруде. Осыған байланысты мердігер мекемелердің басшыларына кеткен кемшіліктерді тез арада жойып, қысқа мерзімде пайдалануға беруді қатаң ескертті.

Өзгерт, Жайылма елді мекендеріндегі клуб құрылысы да осы жылдың соңына дейін аяқталмақ. Сонымен бірге, Мархабат Жайымбетовты Жаңақорған кентінде «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 898,9 млн теңге бөлініп, құрылыс жүргізіліп жатқан 10/0,4 кВ электр желісін жаңғырту және тұрғын үйлерге су құбырын жеткізу жұмыстарын белгіленген кестеге сәйкес сапалы әрі тиянақты жүргізу қажеттігін ескертіп өтті.

Бірлік – Жаңақорған ауданындағы газдандырылып жатқан екінші елді мекен. Құрылыс жұмыстары қазан айында аяқталуы тиіс.

Сондай-ақ, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында жүріп жатқан №55 орта мектебінің күрделі жөндеу жұмыстарын аймақ басшысының өзі бақылауға алған. Мұнда қазір 45 адам еңбек етсе, тағы 16 адам қосылуы тиіс. Облыс әкімінің орынбасары тиісті басқарма басшылары мен мердігер компанияға жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалғанын, сол себепті күрделі жөндеу жұмыстарын барынша сапалы жүргізіп, қысқа мерзімде аяқтауды тапсырды. Осы елді мекендегі 90 орындық

балабақша жақын арада іске қосылатын болады. Кездесу қорытындысымен аудан көлеміндегі құрылыс жүріп жатқан барлық объектілер бойынша тапсырыс беруші облыстық басқарма басшыларына, аудан әкімдігіне, мердігер мекемелердің басшыларына құрылыстарды сапалы жүргізіп, мерзімінде аяқтау жөнінде тапсырмалар берілді.

Мархабат Жайымбетов жұмыс сапарымен Шиелі ауданында да болды. Аудан әкімі Нұржан Ахатовпен бірге Жақаев ауылында орналасқан №149, Шиелі кентіндегі №45 және Бидайкөл елді мекенінде орналасқан №148 мектептердің бу қазандықтарын газға ауыстыру жұмыстарымен танысты.

Осыған дейін Шиелі ауданында 6 мектеп пен осыған балабақша, биыл тағы 2 мектеп газға ауыстырылды, жылу маусымына дейін тағы бір мектеп газға қосылады деп жоспарлануда.

М.Жайымбетов Байсын елді мекенінде жаңадан салынып жатқан №207 мектеп құрылысының басына барып, мердігермен жолығып, жұмыстарды сапалы әрі уақытылы аяқтау керектігін ескертті.

Бидайкөл елді мекенінің кіреберісіндегі «Шиелі-Қарғалы-Байкөне-Жаңақорған» автомобиль жолындағы көпірді күрделі жөндеу жұмыстарын бақылап, жұмысшылармен пікірлесті.

«Шиелі-Жеміс-жидек» автожолының 14,2 шақырымындағы көпірді және Жуантөбе ауылына кіреберістегі 6 шақырым автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарына да көңіл бөліп, сала мамандарына нақты тапсырмалар берді.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыс бойынша департаментінің бастамасымен «Қызылорда жылу-электр орталығы» МКК қыс мезгіліне дайындық жұмыстарымен таныстыру үшін баспасөз турыны ұйымдастырды.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ: ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ИГІЛІГІ

Оған облыстық департамент басшысының орынбасары Тойлыбек Ғаниұлы, «Қызылорда жылу-электр орталығы» МКК директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, бас инженер Бақытжан Молдиданов, «Жылу желісі» ӨТБ жетекші инженері Нұрболат Байниязов қатысты.

Бақытжан Молдиданов жылу желілерін жөндеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырып, облыс орталығындағы жағдай туралы айтып берді.

– Жылу желілерінің жалпы тозуы шамамен 40%. Біз жыл сайын шамамен бес шақырым құбырды ауыстырамыз, ал олардың жалпы ұзындығы 190 шақырым. 2015 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша түрлі диаметрдегі 70 шақырымға жуық құбырларды алмастырдық. Жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады, – деді ол.

Құбырлардың сапасына келетін болсақ, мамандардың пікірінше, олар жиырма жылға жарамды. Өйткені құбырдың сыртқы бөлігі қорғаныс гидроокшаулағышымен жабылған, бұл апатсыз қызмет ету мерзімін ұзартады.

Мамандардың айтуынша, биыл мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы жаңа құбырлар алу кезінде қиындық туындады. Заң бойынша өтініш порталда бір ай тұруы керек. Ал осы уақыт ішінде құбыр бағасы айтарлықтай қымбаттайды және оны бұрын жарияланған бағамен сатып алуға мүмкіндік болмайды. Құбырлар мен қажетті қосалқы бөлшектер, жабдықтар әдетте Ресей мен Украинадан алынады. Биыл порталдағы баға бұрынғысынан 20%-ға жоғары болды, бірақ материалдарды сатып алу туралы тиісті құжаттарды ресімдегенге дейін тауар бағасы өзгеріп

кетеді. Тіпті мұндай жағдайда жеткізушілердің өзі міндеттерінен бас тартады. Осыған байланысты биыл қажетті жабдықтардың 25%-ын ғана сатып алуға мүмкіндік туды.

– Мұндай жағдай біздің өңірде ғана емес, барлық жерде бар. Сондықтан, біз министрлікке үш немесе бес күн мерзімде сатып алу туралы шарт жасауға ұсыныс бердік. Өйтпесе, жабдық сатып алу үшін бізге бөлінген ақшаны итеру мүмкін емес. Ал онсыз құбыр қорын толтыра алмаймыз, – деді КТЭО директорының орынбасары.

Атап өткендей, проблемаларға қарамастан, жылу маусымына дайындық жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Бұл тұрғыда кәсіпорын активтерін жаңалау, қайта жаңғырту және техникалық қайта жарактандыру үшін департаменттің бұйрығымен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының келісімі бойынша жалпы сомасы 599,350 млн теңгеге 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама қабылданды. Бұл қаражатқа апатты төмендету және жұмыс сапасын жақсарту үшін негізгі қорларды жаңарту қажет.

«Қызылорда жылу-электр орталығы» МКК-ның 2021 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 36,952 млн теңге игеріліп, жұмыс жасалды. Бұл тұрғыда №8 АБМК қазандығының желілік сорғысы ауыстырылып, жалпы ұзындығы 2,472 шақырым кварталаралық жылу жүйелерін жөндеу жұмыстары жасалды. Сондай-ақ, жылу желілерінің тозуын 40,5%-дан 40,2%-ға дейін, ал жабдықтардың тозуын 41,8-ден 41,76 пайызға дейін төмендетіп, қызмет көрсету сапасы жақсарды.

Биыл инвестициялық бағдарлама шеңберінде кәсіпорын есебінен негізгі және қосалқы жабдықтарға жөндеу жүргізу, ұзындығы 4,3 шақырым кварталаралық жылу желілерінің құбырларын ауыстыру үшін 113,81 млн теңге қарастырылды.

Облыстық бюджеттен жылу трассасының бірқатар учаскелерін ауыстыруға, турбина цехының қосалқы жабдықтарын жөндеуге және ауыстыруға 336,3 млн теңге бөлінді. Бұл жоспарланған жұмыстарды жүргізуге, ұсынылатын қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыруға, жылу және электр қуатының тапшылығын жойып, шығынды азайтуға мүмкіндік береді.

Баспасөз туры барысында облыс орталығын ыстық сумен қамтамасыз ету мүмкіндігі туралы мәселе қозғалды. Бақытжан Молдидановтың айтуынша, жаңа үйлер мен шағын аудандарда мұны қосымша шығынсыз жасау еш қиындық туғызбайды. Жаз мезгілінде кәсіпорынның шығындарын ақтау үшін тұрғындардың кем дегенде 70%-ы ыстық суды пайдалануы қажет. Тағы бір айта кетерлігі, көптегерлі үйлерде жылы еден орнатуға тыйым салынған. Себебі, бұл үйлерді жылумен жабдықтауға зиян келтіреді.

– Биыл 1 қазаннан бастап жүйені суық айналдырма қосамыз. Бұл қала тұрғындары үшін төлем тарифіне әсер етпейді. Біздің ұйым үшін қаржылық жағынан тиімсіз болса да, жылу маусымына дайын және уақытында келу үшін осы қадамға барамыз. Қажет болған жағдайда жылу маусымын белгіленген күннен ерте бастаймыз, – деді ол.

Мұндай тәжірибе қалада үшінші жыл қатарынан қолданылып келеді. 15 қазанға дейін ақаулар анықталғандарды қоспағанда, барлық үйге жылу қосылады. Атап айтқандай, көп үйде бірден жылу қосылмауы мүмкін. Себебі, жылу маусымының бастапқы кезеңінде қиындықтар кездеседі.

Департамент басшысының орынбасары Тойлыбек Ғаниұлы атап өткендей, жылу энергиясына тарифті бекіту кезінде шығындар ескеріледі. Бұл қызмет сапасын жақсартуға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ, жылу шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Жалпы, кәсіпорын тарапынан жылу маусымына дейінгі тиісті шаралар қабылданып, жұмыстар атқарылып жатыр.



Академик асуы



«А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ-ның басқарма төрағасы, академик Болатбек Баймахановтың 60 жылдығы аясында ұйымдастырумен көпбейінді облыстық ауруханада «Қазіргі таңдағы хирургия саласының өзекті мәселелері» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Онда білікті хирургтің өмірінен сыр шертетін «Бекзат болмыс» бейнебаяны көрермен назарына ұсынылды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов жүргізген конференцияға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысып, мерейтой иесіне ыстық ықыласын жеткізді.

Sp Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

«Бірнеше күнге созылатын іс-шаралар жеткіншектен білікті жетекшіге, ассистенттен Ұлттық академикке, қызметкерден қоғамдық қайраткерге жетіп, ұлттық мақтанышына айналып, үлгі болып жүрген Болатбек Бимендіұлына арналуда. «Денсаулық, еңбек, білім» деп аталатын үш тұғыр – адамның өз болмысы арқылы ұлтқа қызмет ететін басты тірегі. Осының бәрі, мерейтой иесінің бойына әкенің қанымен, ананың сүтімен дарыған қасиет ретінде бүгінгідей құрметке жеткізуде. Құрметті бола беріңіз!», – деді Наурызбай Сейітқалиұлы. Мұнан соң ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, ардагер Тұрғанбай Маханов академикті алғашқы ұжымдастарының атынан құттықтап, «Көпбейінді облыстық аурухананың дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісін табыс етті. Ал Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов Түркістан облысы әкімінің құттықтау хатын табыстады. Қалалық көпбейінді аурухана ұжымының атынан ардагер хирург Юрий Фотиади сөз алып, әріптесіне құрмет көрсетті.

Басқосуда Болатбек Баймахановқа арналған «Дәремет» кітабының тұсауы кесілді. Кітапта академиктің өмірі мен еңбек жолы, әріп-



тестерінің лебіздері жинақталған. Мұнан соң ғылыми-практикалық конференцияда дәрігерлер баяндама жасады.

«А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми орталығы» гепатопанкреатобилиарлы хирургиясы және бауыр трансплантациясы бөлімінің меңгерушісі, Мақсат Досханов «Гепатопанкреатобилиарлы хирургияның заманауи даму тенденциялары» тақырыбында сөз сөйледі. Хирург өт қабнына және өт жолдарына, бауырға, ұйқы безіне жасалатын оталар туралы айтты. Орталықта бауыр трансплантациясы жылдан-жылға сәтті жасалуда. Биыл жыл басынан бері 20 азамат бауыр ауыстырған. Облысымыздан өт жолдарының зақымдануы бар 9 науқас ем алған.

Түркістан облысының клиникалық ауруханасы №1 хирургия бөлімінің меңгерушісі, м.ғ.к Жәніс Серғазин мен А.Ясауи атындағы ХҚТУ хирургия, анестезиология-реанимация кафедрасының оқу бөлімінің меңгерушісі PhD Ылхам Аннаоразов бірге күрделі оталар жасап жүр. Ғылыми конференцияда екеуінің бірлескен жұмыстары туралы Ылхам Аннаоразов «Гастроэзофагеальді рефлюкс және морбид-

ті семіздік кезіндегі симультантты лапароскопиялық емі» тақырыбында баяндады. Білікті мамандар семіздік салдарынан түрлі ауруға шалдыққан науқастарға хирургиялық ота жасау арқылы қандай нәтижеге қол жеткізгендері туралы айтып, өз тәжірибелерін ортаға салды.

Қызылорда облысының штаттан тыс бас хирургі Бауыржан Қуанышбаев аймақтағы хирургия саласының жағдайы туралы баяндады. Бұрын тек Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында жасалатын күрделі оталарды қазір біздің дәрігерлер де жасап жүр. Өткен жылы 8224 науқас хирургиялық ем алған. Олардың 1361-і жоспарлы болса, 6602 жағдайға жедел көмек көрсетілген. Ал 4537 науқасқа ота жасалған.

«Ашық есік күні»

Академиктің мерейтойына орай «А.Сызғанов атындағы Ұлттық хирургиялық орталығының» дәрігерлері қатысуымен қаладағы №3 және №6-шы, сондай-ақ «ALEXEY SULTAN-AKHMET» емханасында «Ашық есік күні» өтті. Дәрігерлер тұрғындарды шағымдары бойынша қабылдап, кеңес берді. Ғылыми орталықтың тамыр хирургі Алмас Шамшиев, уролог Елшат Набиев жалпы хирург Ербол Серікұлы емханаларда тұрғындарды қабылдап, сырқатына сай кеңес беріп, ем-дом жазып берді.

– Қабылдау болатынын естіп дереу келдім. Біздің №6 емханаға уролог Елшат Набиев келіп қабылдады. Нақты диагноз қойып, ем қабылдауға кеңесін жазып берді. Алматыға барып қаралуға сәті түспей жүрген. Қуаныш қалдым, – дейді қала тұрғыны Лаура Жұмаділова.

«Ашық есік күні» дәрігерлер де үлкен мүмкіндік деп қарастырып отыр.

– Тәжірибесі мол мамандарға қаралып кеңес алу – үлкен мүмкіндік. Емханаға қарасты барлық тұрғындарға хабар бердік. Білікті мамандар күнде келе бермейді. Сондықтан ашық есік күніне келушілер көп болды. Болатбек Бимендіұлының әріптестеріне алғыс білдіреміз, – дейді «ALEXEY SULTAN-AKHMET» емханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Күмісай Жетенқызы.

Шағын футболдан турнир

«Евразия» спорт кешенінде «А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ-ның директоры, білікті дәрігер-хирург, академик Болатбек Баймахановтың 60 жасқа толуына орай, шағын футболдан турнир ұйымдастырылды.

Турнирдің ашылуында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов құттықтау сөз сөйлеп, қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

Жарысқа «А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ-ның командасы, сондай-ақ Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы, Қызылорда облысы әкімдігі, Б.Баймахановтың достары мен әулеті атынан және Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының командалары қатысты. Тартысты ойында өңіріміздің денсаулық сақшыларынан құралған команда жеңіске жетті.

Жеңімпаздарды ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова мен турнир демеушілері марапаттады.

Мұнан кейінгі орындарды Қызылорда облысының әкімдігі қызметкерлерінен құралған және Болатбек Баймахановтың достары атынан қатысқан командалар иеленді.

Турнир қорытындысында мерейтой иесі ұйымдастырушыларға алғыс білдіріп, ізгі тілегін жеткізді.

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ



«Артық салмақ ауру шақырады»

«Қазіргі заманғы хирургияның өзекті мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференцияда Түркістан облыстық клиникалық ауруханасы №1 хирургия бөлімінің меңгерушісі, медицина ғылымының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің «Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедрасы доцентінің міндетін атқарушы Жәніс Серғазин және шәкірті, аталған кафедраның оқу бөлімінің жауаптысы Ылхам Аннаоразов «Морбидті семіздік пен гастроэзофагеальді рефлюкс ауруын симультантты лапароскопиялық хирургиялық емдеу» тақырыбында тәжірибелерін ортаға салған болатын. Біз білікті хирург Ылхам Аннаоразовпен тақырыпты тарқатқан едік.

– Ылхам Аширұлы, семіздік салдары неге әкеліп соқтырады?

– 1997 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы алғаш рет жаһандық семіздік эпидемиясы қаупін жариялады. Қазіргі уақытта сарапшылар бұл индет Шығыс Еуропа, Азия, Латын Америкасы, Таяу Шығыс және дамып келе жатқан әлемде пандемияға айналып, Америка Құрама Штаттары мен Бағыс Еуропадан тыс жерлерде тез таралғанын айтады. ДДСҰ мәліметтері бойынша 2000 жылмен салыстырғанда 2025 жылға қарай семіздікпен ауыратын науқастар санының екі есе өсуі болжанды. Оның Еуропалық бюросының бағалауы бойынша 2010 жылы тек Еуропада шамамен 150 миллион (20%) ересек адам семіздікке шалдыққан, ТМД-ның басқа елдерінде сияқты, Қазақстанда да артық салмақ проблемасына тап болған адамдардың саны жыл сайын 1-2% -ға артып келеді. Республикада семіздікпен сырқаттанушылықтың орташа жылдық көрсеткіші барлық 100 000 тұрғынға шаққанда 4,1 пайыз құрайды.

– Бариатикалық хирургия туралы толығырақ айтып берсеңіз?

– Соңғы жылдары бариатикалық хирургия экспоненциалды түрде өсті. Бұл 1970 жылдары басталған семіздіктің үлкен эпидемиясынан және 1990 жылдардың ортасында минималды инвазивті хирургияның пайда болуынан туындады. Ру (RYGB) әдісі бойынша асқазанға асқазаноз салу, билио-панкреатиялық ұрлау, асқазанға аздыратын бандаж, слив резекциялау сияқты қауіпсіз, тиімді және ұзақ мерзімді оталарды біртіндеп дамыту және стандарттау соңғы онжылдықта қол жеткізген жетістіктер – бариатияның дамығанының белгісі. Бүгінде Америка Құрама Штаттарында жыл сайын 200000-нан астам бариатикалық процедура өткізіледі.

– Бұл хирургияның көрсеткіштері қандай?

– Семіздікпен ауыратын және басқа да аурулары бар, артериялық гипертензия, 2 типті қант диабеті және артроздар, аяқ-қол артриті немесе дене салмағының индексі 40 келден асқан пациенттерге жасалады.

– Хирургиялық бұл тәсілдің кемшіліктері бар ма?

– Бариатикалық хирургияның кемшіліктері салбыраған теріні жинау үшін пластикалық хирургия қажеттілігі туындайды. Ағзаға түсетін дәрумендер мен минералдардың жеткіліксіз мөлшерінен денсаулығында айтарлықтай мәселелер, мысалы, анемия, витамин тапшылығы және Верник ауруы, дәрумендер мен микроэлементтерді өмір бойы қабылдау қажеттілігі туындауы мүмкін.

– Бір мысал келтіріңізші?

– 39 жастағы әйелге ота жасадық. Салмағы – 125 кг, бойы – 165 см дене салмағының индексі 46. Қабылдау кезінде «алиментарлы семіздік 3 дәрежелі. Дене салмағының индексі 40, ГЭРА, диафрагматикалық грыжа» диагнозы қойылған. Науқастың айтуынша, бала кезінен салмақ тастаудың бірнеше әрекеттері, диеталық терапия нәтижесіз болған. Соңғы алты айда консервативті әдістерінің тиімсіздігін ескере отырып, хирургқа жүгінген, амбулаториялық тексеруден кейін хирургиялық емдеу ұсынылды. толық тексеруден өтті, желін емдеу үшін жоспарлы түрде облыстық клиникалық ауруханаға жатқызылды.

– Мұндай аурулар көбіне тұқым қуалай ма?

– Ол науқастың анасы мен 2 әпкесі семіздікпен ауырған. Әкесі өкпе обырынан қайтыс болған. Көп жағдайда адамның саламатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтанбауынан болады.

– Сіздер қабылдаған «Морбидті семіздік пен гастроэзофагеальді рефлюкс ауруын симультантты лапароскопиялық хирургиялық емдеу» әдісінің қанша науқасқа көмегі тиді?

– Барлығы 70 ота жасалды. Орташа дене салмағы 200 келі болатын 5 адамға, 120 келі салмақтағы 20 адамға және 105 келі 30 емделушіге, 94 келі салмақтағы 5 науқасқа ота жасалып, нәтижелі болды.

Әңгімелескен
Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»



Өзінде болмаса, өзгеге жаутаңдайсың

– Нан бағасын арзандату үшін «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы 7 айға 1098 тонна арзан бағада үн әкелуге Қостанай облысымен келісім-шарт бар. Бүгінде 8600 тоннаға «Байқоңыр» ӘК» АҚ арқылы қаржысы аударылды. Оның елу пайызы жеткізіліп, наубайханаларға таратылуда. Келісім-шарт бойынша наубайханалар нанды 75 тенгеден дүкендерге жіберсе, ол 80 тенгеден сатып жатыр. Қазір қоймада 200 тоннадан астам үн бар. Қалада 13, әр аудан бойынша бір оператордан жеткізуші есебінде бізбен жұмыс істеуде. Аудандағы операторлар арзан үнды сол өңірдегі өзге де наубайханаларға тарады, – дейді «Байқоңыр» ӘК» АҚ тұрақтандыру қорының жұмысы жөніндегі басқарма басшысы Талғат Бекішов.

Осылайша облысқа келген арзан үн 51 ірі наубайханаға жіберіліп, бөлке нан бағасын тұрақты ұстап тұр деуге болады. Сондай-ақ құнбағсы майы да қоймада жеткілікті. Жыл соңына дейін тағы 70 тоннаға

жуық өнім келмекші. Бұған қоса, форвардтық негізде келісім жүргізіліп, 1000 тонна картоп, 100 тонна сәбіз, 100 тонна қырыққабат сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен, бағаны бір бағамдасак. Әлеуметтік дүкендерде басты азық – нан бағасы 55 тенге екен. Жұрт таласа іздейтін қант 444 тенге. Бірақ, тілшілер болып әдейі барған Жаппасбай батыр көшесіндегі әлеуметтік дүкеннен қант көре алмадық. Келушілердің айтуынша, мұнда бір аптадан бері бұл өнім болмаған. Ал Талғат Бекішовтің айтуынша, қазір қоймада 47 тонна қант бар. Өнімге байланысты тиісті құжаттар рәсімделген соң, қант апта соңында әлеуметтік дүкендер мен бұрыштарға таратылмақ. Осылай деп сендірді ол.

Қазір бағаны тұрақтандыру үшін өңірге тікелей «Көксу» қант зауыты және «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» арқылы қант жеткізіліп жүр. Жаз айларында зауыт арқылы 1836 тонна жеткізілсе, корпорация бойынша 68 тоннасы сатып алынды.

Әлеуметтік дүкендердегі бағаға

қайта оралсақ. Өсімдік майы 630, картоп пен сәбіз 130, пияз 100, қырыққабат 95 тенгеден босатылуда. Бірінші сортты үн 135 тенге болса, қарақұмық 514, күріш 175, макарон 200 тенге. Сыыр еті 1700 тенгеден, тауық еті 785, жұмыртқа 29, сүт 280, айран 225 және сүзбе 1283 тенгеден сатылуда. Осы дүкендегі бағасы жоғары өнім – сары май 2504 тенге, ал ер аңан өнім – тұздың келісі 40 тенгеден екен.

Бір қуанарлығы, облыс тұрғындарын көкөніспен қамтамасыз ету үшін жергілікті кәсіпкерлермен де келісім бар. Жақын күндері көкөніс пен бақша дақылдары әбден піскенде, әлеуметтік дүкендерге де жергілікті өнімдер қойылады. Сонымен қатар, облыс тұрғындарын күнделікті қажеттілігін төмен бағда қамтамасыз ету үшін жыл басынан бері апта сайын халық шоғырланған жерлерде жәрмеңке ұйымдастырылып, бүгінге дейін 1600 тоннадан астам түрлі өнім сатылған.

Расы сол, «Астық көлемі мол болып, қажеттілікті толық өтей алсақ, азық-түлік қауіпсіздігін тұ-

рақты түрде ұстап тұра аламыз. Бақша дақылдарын өзіміз өндірсек, сырт өнімдері өнімдеріне деген сұранысты болдырмаймыз» деген облыс әкімінің бастамасымен бүгінде әр ауыл маңынан жер дайындалып, көне арықтар қайта аршылып еді. Аяқсу жүріп, сол жерге тұқым тастаған шаруа ағайынның биылғы нәтижесі көңіл қуанып тұр. Жақын күндері жер иесінен жинайтын диқан қауымының еңбегі сол ел ішіндегі қымбатшылыққа біраз тосқауыл болмақ. Өйткені, өзімізден шыққан өнім, өзге жақтан келер дүниеден әлдеқайда арзанға түседі.

Бүгінде аймақ басшысының нақты тапсырмасымен облыста 1500 гектарға жуық жер дайындалып, онда 6802 отбасы еңбек қылды. Осылайша биыл аймақта 461 гектар картоп, 385 гектар көкөніс, 587 гектар бақша дақылдары егілген. Мұның өзі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлкен септігін тигізбек.

Суретті түсірген
Н.НУРЖАУБАЙ

СЫР САҢЛАҚТАРЫ

Жан түкпіріне жүрек шырағын жаққан

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген Мағжан ақын әр баланың жан түкпіріне жүрек шырағын жаққан жандардың қадірін қалай дөп басқан! Сол сөз қай заманда да қуаны жойған жоқ. Біздің әңгімімізге арқау болып отырған «Халық мұғалімі» Төлепберген Қасымов – қашан да төрден орын алатын құрмет иесі. Оның есімі баршаға таныс болмаса да білім саласы үшін бірегей. Сондықтан бұл атақты адамды жұртшылықтың есіне тағы бір түсіріп, оның өнегелі болмысын жас өркен ұрпақтың жадына салуды жөн көрдік.

Сб Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»

Әңгіме басын әріректен алсақ, Төлепбергеннің әкесі Сымағамбет ұста еді. Қыш өретін, тақтайлап шатыр құрайтын. Темір жолдың оң қапталындағы «Шанхайдың» үйлері сол заманда кемпірдің тісіндей әр жерде сорайып тұратын. Әкесінің көшіп келген көршілерінің үйін сап түзетіп соғып бергені есінде қалды. Сонда сол кісілер үй соққанына ақы да алмайтын. Әйтеуір, осы жерге ел қондырған әкесі екенін біледі.

Сосын айнала үйлердің ер адамдарының азия бастағаны есте. Тоғыз жастағы бала көктерінің қапшық аркалап күнде бір жаққа кетіп жатқанын көреді. Соғыс деген «суық» сөздің ызғары жүрегінде сол кезде қалған.

Әкесі теміржолда жұмыс істейтін. Теміржолдың өзі әскери жұмыс саналғандықтан, ол кісіні соғысқа алмады. Мүмкін мұның бақыты шығар. Бір үйдің жалғыз баласы болып өсті. Әкесі болмаса күні не болар еді. Тұрмыс өте қиын соқты. Тойып жемеді, қойып жеді, сүйегінен емес, сыйғанын киді. Шүберек сөмкесін сүйретіп жүріп, Сталин атындағы мектепті бітірді.

Қалада қыздар училищесінен басқа тағы бір-екі оқу орны болды. Мектептен соң солардың бірі 11-училищесіде оқыды. Сабағы орысша. Ол машинистердің көмекшісін дайындайтын. Төлепберген сол оқуды бітіріп, машинист көмекшісі болып жұмысқа кірісті. Қарапайым тілде «пойыз» аталатын бұл транспортты тізгіндеуге көзі қиядағыны шалатын, ұйқысы сергек, жүйкесі мықты, білегі қарулы азамат қана шыдайды. Паровоздар көірмінен жүреді. Көмейі жалын шашып тұратын паровоздың пешіне көмір лақтырып жүріп, Төлепберген өзі де отарбанын тізгінін ұстады.

Теміржолда шағын вагон тіркеп алып жүретін «ФД» дейтін паровоздар болды. Ол Феликс Дзержинскийдің атымен аталған. Денестеуі, биіктеу жерге келгенде артына тіркеген вагондарын тарта алмай, дөңгелегі шыр айналып қалатын кездері болады, сонда оны артынан келіп итереді. Паровоздың белдісі «П-36», қазір осы паровоздың

бір локомотиві Қызылорда депосының алаңында сақтаулы тұр. Машиниске керекті әлгі бір әлділік пен тәртіпке қатысты қасиеттер Төлепбергеннің бойынан түгел табылды. Соны көре білген басылары жас жігіттің білімін көтергенін қалап, Қарағанды индустриалды-педагогикалық техникумына оқуға жіберді.

Төлепберген техникум бітіріп келген соң педагогикалық қызметке кірісті. Білім саласына жігерлі жас мамандар қажет еді. Оқу үлгерімі нашар балалар сегізінші кластан соң орта мектепті бітіріп, тіршілікке араласып кететін. Оларға қара жұмыс қиын тиетін, сондықтан жұмыстан да жылыстап, бұзақылыққа ұрынатын. Міне, осы проблеманы оң жолға түсіргендердің бірі – Төлепберген Қасымов.

1954 жылы жас маман қаладағы №26 құрылыс мектебінің негізін қалаушылардың бірі ретінде күндіз-түні өзін осы іске салды. Сол мектептің партасын шегелеп, тақтасын іліп, онан-мұнан оқу құралдарын жинады. Мектептің алғашқы директоры Яковлевтің орынбасары болды. Осыдан соң мектеп №113 кәсіптік училище болып өзгерді. Жұрт ішінде училищеге тәртіпке көнбейтін, оқуы нашар балалар барды деген түсінік қалыптасқан. Бірақ, тәжірибелі ұстаздар осы түсінікті түбегейлі өзгертті. «Қиын» балалармен оңай тіл табысты. Оларды әртүрлі мамандықтарға қызықтырды, әртүрлі өнерге баулады. Спортқа, қоғамдық жұмыстарға белсенді болды. Тіпті, ГТО нормаларын тапсырудан училище балалары барлық мектепті басып озатын. Сылақшы, тігінші, тас қалаушы, механизатор, кран жүргізушісі, стропальщик, дәнекерлеуші секілді нағыз өмірге керекті мамандықтарды меңгерді. Олар қоғамға тез араласып, айлық жалақысы жоғары мамандар қатарына қосылды. Білім мен тәрбие жүйесін бір тізгінге ұстаған Төлепберген Қасымовпен қатар – Батырбек Күзекбаев, Дмитрий Ковтун, Дмитрий Мартененко, Сексенәлі Раханов, Әбірайым Ахметов секілді ұстаздар болатын.

Кейіндеу бұл оқу орны №6 кәсіптік-техникалық училище болып өзгерді, онан кейін заман талабына сай лицей атанды. Оған білім саласының сандағы Смағұл Ысқақовтың есімі берілді. Төлепберген ағай Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтты бітіріп, өзінің білімін көтерді. Кеңестік кезеңде бұл училище жұмысшы кадрлар ұстаханасына айналды. Өндірістік оқу шеберлерінің маман дайындаудағы еңбегіне ерекше мән берілді. Т.Қасымовтың 1980 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «КСРО Халық мұғалімі» атағымен марапатталуы – соның бір айғағы. Мұндай атаққа күллі еліміз бойынша санаулы ғана адамдар еге болды. Мұның өзі кәсіпкерлік мамандықтың қыр-сырын меңгеріп қана қоймай, оның қадірін асыра білген Қасымовтың еңбегіне деген зор құрмет болатын.

Білікті ұстаз одақтық және республикалық көлемдегі көптеген конференция мен съезде делегат болды. Үлкен мінбелерде білім саласының мәселелері туралы баяндамалар жасап, көпқырлы тәжірибесін таратты. Республиканың әр қиырынан әріптестері Қасымовтың өндірістік іс-тәжірибесімен танысу үшін ат арылтып Қызылордаға келетін.

Қырқы жылда Қасымовтың алдынан қаншама бала қанаттанып ұшты. Ұстаз қартай беріпті, шәкірт жасара беріпті. Қасымовтың шидем шекпенінен шыққан мыңдаған маман азамат Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты, туған жерінің туын жоғары көтеріп, ел игілігін еселеді.

Әрине, еңбектің бағаланғаны мәртебе. Атақты педагог Төлепберген Қасымовтың есімі КСРО-ның үлкен энциклопедиясына жазылып, одақтың «Құрмет кітабына» қосылды. «Сыр елі» атты аймақ энциклопедиясына енгізілді. Мәскеудегі ВДНХ аталған атақты Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет тақтасына суреті ілінді. «Кәсіптік білім саласына еңбегі сіңген қызметкер» атағы берілді. Бұлардан басқа Жоғарғы

Кеңестің, Ғылым академиясының, білім саласы министрлігінің көптеген құрмет грамотасы мен мақтау қағазын алды.

Жақында атақты педагогты іздеп, теміржолдың оң жағындағы «Шанхай» ауданына бардық. Ол кісінің отбасы баяғы соғыстан кейін ұста әкесі соғып берген үйде тұрады екен. Әкейдің өмірлік жары Рая есімді «Батыр аңанын» да өмірден өткеніне біраз болып қалыпты. Бірі ұшқыш, бірі педагог, бірі есепші, бірі дәнекерлеуші болып жұмыс істейтін балалар бір-бір оттың шырағын жағып, қияға ұшып, ұяға қонды дейді қарт. Қарашаңырақта Алмас есімді кіші бала қалыпты.

Тоқсан жастағы әкей менің іздеп келгеніме қуанышын жасыра алмады. «Бағың училищеніңді Сейітқали Алшынбаев деген белгілі білім меценаты заманауи жаңғыртып, өркениетті бейнеге ендіріп жатыр», – дедім мен сүйіншілеп. «Бұған ризамын, ісіміздің өлмейтініне, зіміздің жоғалмайтынына көзіміз жеткен. Бүгінгі ұстаздардың біздің жолымызды жалғап, болашақ иелерін тәрбиелеп жатқан жұмыстарына тілекшімін» деді әкей. Өткен-кеткен өмір жолын әңгімеледі. Бір айтқанын ұмытып, бірі мәртеге қайталап шықты. Адам үлкейгенде балаға айналады деген рас-ау. Әңгіме марапатқа келгенде әкейдің саусағы омырауындағы орден-медальдарының беделділерін басып өтіп, өңірінің жоғары жағына ілінген кішкентай домалақ мис медальға тоқтады. «Бұл – Сталин медалі», – деді. «Кенес көсемінің» мерекелі медалі екен. Өз заманының идеологиясына қажыр-қайратын сарп етіп, болашаққа жол іздеген қарадомалақтарды азамат қылып қоғамға қосқан ұстаздың ішкі әлеміне үніле білсек, бұл мақтаның сырына да қанығар едік. Бірақ, оған ұзақ әңгіме керек екені белгілі. Біз бүгін ұлағатты ұстаз, тамаша тәрбиеші-педагог Төлепберген Қасымовтың аз ғана өмірбаяны мен ел алдындағы еңбегіне тоқтадық.

Ал, атақты педагогтың өмірі мен өнеге тәлімінің әлі талай шығармаға арқау болары анық.



Жауынгерлер жаттықты

ҚЫЗЫЛОРДА Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің бөлімінде кезекті жауынгерлік атыс өтті.

Оған барлық санаттағы әскери қызметшілер тартылды. Жеке құрам арнайы жауынгерлік тапсырмаларды орындамас бұрын, әдістемелік-нұсқаулық сабақтар өткізіліп, барлық қауіпсіздік шаралары жеткізілді. Бөлім офицерлері мен сержанттары жаксы даярлықтарын көрсетті.

Медиация мамандарының дәрісі

АРАЛ «Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалы басшысы Ләззат Бактыбаева мен психолог Назира Аймаханова ауданда болып, кездесу өткізді.

Кездесуде мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардағы азаматтардың құқықтары мен міндеттері, басшылық тарапынан жасалатын қысымдар жайы талқыланды.

Сондай-ақ, №262 мектеп-гимназиясы ғимаратында «Мектеп медиациясын дамыту» тақырыбында мектеп психологтарының қатысуымен көпшілік оқыту семинары өткізілді.

Үш мектеп директорының орны бос

ҚАЗАЛЫ Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен өткен әкімдік мәжілісінде жаңа оқу жылына дайындық пысықталды.

Жылда бірнеше мектеп пен балабақша басшысыз отырғаны сынға алынды. – Жаңа оқу жылында ауданда 3 мектеп директорының орны бос. Бұл мәселе – өте өзекті, – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ, білім ошақтарына қысқы жылу беру маусымына дайындықты күшейтуді тапсырды.

«AMANAT» ауылдарды аралады

ҚАРМАҚШЫ «AMANAT» партиясының мобильді қоғамдық қабылдау ауылдары аралады.

Қабылдау бөлмесінің тобы кезекті жұмысын Алдашбай ахун мен Тұрмағамбет ауылдық округтерінде жалғастырды. Ауыл тұрғындарын облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, сала басшылары қабылдады. Тұрғындар жол, ауысу, «көгілдір отын», электр жарығы, жер телімі, қайтарымсыз грант, жұмысқа орналасу секілді мәселелер бойынша жүгінді.

Ауыл әкімдері есеп берді

ЖАЛАҒАШ «AMANAT» партиясы аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясының отырысы өтті.

Онда ауыл әкімдерінің сайлаушыларға берген уәделерінің орындалуы бойынша есептері тыңдалды. Жиында Бұқарбай батыр ауылдық округінің әкімі Сағат Байділдаев пен Аққыр ауылдық округінің әкімі Жанабек Матаев ауылдық округте атқарылған істер мен алдағы жоспарларын бөлісті.

260 балаға көмек көрсетілді

СЫРДАРЯ «Мектепке жол» акциясы басталғалы ауданда 260 балаға 3 млн 640 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

Акция әлі жалғасуда. Бүгінге дейін білім бөлімінің сенім телефонына 200-ден астам ата-ана «Мектепке жол» акциясы жөнінде түсіндірме алу үшін хабарласқан.

Ата заң ардақталды

ШИЕЛІ Жастар ресурстық орталығының мәжіліс залында Конституция күніне орай облыстық архивтің Шиелі аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Дөңгелек үстел» өтті.

Оған аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Жібек Баймуратова, аудандық архив қор сақтау қоймасы қызметкерлері, кент және ауылдық округтердегі жас мамандар қатысты. «Дөңгелек үстел» барысында Ата заңымызға әр жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға шолу жасалды.

Жылы соңында қатысушылар оның мемлекеттің дамуында алатын орны туралы ой бөлісті.

Жас ақындар айтысы

ЖАҢАҚОРҒАН М.Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі мен Кейден ауылдық клубының ұйымдастыруымен ақын, жырау Құлан Алдабергеновты атындағы облыстық жас ақындар айтысы өтті.

Белгілі шиелілік ақын Кенжебағи Жүсіпов төрағалық еткен қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені жайылмалық жас ақын Мұхамедәли Абдуллаев жеңіп алды. Жұлдегерлер мен қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«СБ» ақпарат

Қоғамды кімдер тәрбиелеп жатыр?

Меніңше, мұны әлі күнге дейін көбісі дұрыс түсінбей келеді. Тіпті мешіт қабырғасын көрген кейбір азаматтарымыздың өзі үй мен түзде екі бөлек. Әйелдің бір саты төмен тұрғаны оны төмен санау, құқығын таптау, бас салып ұрып-соғу, адам құрды көрмеу, үйге қамап отырғызу, сөзіне құлақ аспау, еркекпен деп менмендік салыну деген сөз емес. Әйтпесе Алла Тағала әйелдер жайлы толығымен бір сүрені («Ниса») және арнайы аяттар түсірмес еді. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз әйелдер хакындағы хадистерін өсиет етпес еді. Мүмкін біз тереңіне үңілдірмедік пе? Бұл бір қателік пе?

Екіншіден, «Жәннет – ананың аяғының астында» деген діни ұлағатты бүкіл мұсылман әлемі жаққа біледі. Алайда, қазіргі қазақ әйелдерінің ерлері мұны қалай түсініп жүр? Бұл маңызды сұрақ, өйткені ер-азаматтарымыз тек анасын құрмет тұтуда. Әйтпесе қоғам сыздауығына айналған бүгінгі ажырасулардың астарында ене мен келіннің шайқасы жатпас еді. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бастау алған ұлы дәстүрімізбен жанасқан осы асыл дініміз қандай жағдай болмасын бірде-бір әйел адамның жылатып, көшеге қуып, абыройын аяқасты еткізбеген. Тіпті «Мен әйелім Айшаны жақсы көремін» деген хадисін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұялмай-ақ, сол дәуірден қияметке дейінгі ерлерге паш еткен жоқ па? Маған әлеуметтік желі арқылы әйелдер қауымынан келетін толасыз хаттардың 70-80%-ы – күйеудің құрметсіздігі, зорлық-зомбылығы, көрсеткен қорлығы, менсінбеуі, асырамауы, шеттетуі, тастап кетуі. Одан бетерісі – осы қылықтарға аналардың бейғам қарауы, келіндеріне қолдау көрсетпеуі. Жемеге келгенде тіпті, «анамды таңдадым, сенің керегің шамалы, бала беде, қатын жолда, осымен болдық, шаруа бітті, жолын ашық, бара бер, кет» деген тарқасулар. Сонда ұрпағын қаңғыртып жіберіп, өздері

өмірден рахат көремін дейді ме? Бұл өкініш қателік пе?

Келесі бетке шыққан шикан тәрізді көрінетін мәселенің бірі – ол тоқал, екінші әйел немесе төрт әйелдің жыры. Дәл осы мәселені отыз жыл бойына біздің ер-азаматтарымыз өз ұялауларына шешіп келді. Бір кем дүние, ислам, дін, мешіт, имам, молда, садақа жайлы айтылса, ішеті жапырандары көтерілетін ер-азаматтарымыз осы хадисті сүйеу етіп, өздеріне өздері рұқсат беріп, түздік өмірін құрып жүр. Тіпті, бір әйелі бар еркек еркек емес дейтінді шығарды. Үйінен қырық қадам аттамай жатып, көшеде өздерін еркін сезініп, белінен келетін уыздай жас қыздарға бойдақпын деп сөз салуда. Бір әйелден екіншіге көшіп, оны лақтырып үшіншіге, төртіншіге жеткенде қушқуаты, қауқары біткен күйеулер Алланың берген құнды алтын уақытын ұрпағын жетілдіруге немесе ел түінін шешуге емес, талақ сөзімен әйелдер көшіне жұмсап жүргендері өкінішті жайт. Бұл – үшінші қателік!

Дегенмен мойындайықшы, бізде әйелге көңіл бөлмеушілік яғни, үйде құл ретінде көру, сырттан жұмысына жеру, ақшасына дейін қағып алу деген бағу, бұл дегеніміз – ризық табушы еркектің жеке қызметшісі бар деген сөз. Әйтпесе, кейінгі бес жылды алсақ, кешегі қақаған қыста өрімдей бес бала өртке оранбас еді, күйеуіне налыған келіншек екі баласымен тоғызыншы қабаттан секірмес еді. Қаланың демеімін, ауылдың әйелі бір ауыз сөзі үшін балалары алдында балталанбақ еді, күйеуі аздай, ата-енеден таяқ жеп, соққы көрмес еді. Ызаға бұлыққанын көше кезіп, зинаға бармас еді, үрімдей қыздарымыз уақытынан бұрын пәктігін айырылмас еді. Шетел асыл, бөгденің қойнына жатпас еді, шаралар доретханаларда шашылмас еді. Жүйкелері сау болса, шұбырып психологтарға қайырылмас еді, оларға қаражаттарын уыстап шашпас еді, яғни бұл – ішімізден іріп жатырмыз деген сөз. Сыртқымызды бүтін демеі-ақ қояйын, оның да жетісіп жатқаны шамалы яғни қауіп сыртта емес,

нақ өзімізде. Сәл айналамызға көз салайықшы, қанымызда болмағанды қазір болдырып жатырмыз. Ауыз былаптыға толды, екі сөздің бірі белден төменге түсті. Алланың жаратқан адамы, қолдан түк келмейді, сөйте тұра аңдығандары мін, айтатындары сын. Атеист, ЛГБТ, Амилай, Нико, Ханата, Гугуша, Қолтықшаш және тағы да басқа арамшоп тәрізді сорақыларға жастарымыз ілесуде. Осы күнге дейін олар қайда болды? Әрине арамызда, ортамызда, ішімізде. Кешегі Кеңес дәуіріне тітіркене қарайтын біз бүгін жетісіп отырмыз ба? Ұятсыздық пен арсыздықты жасап жатқан кімдер, сауатсыздар кімдер, дінсіздер кімдер, әрине өзіміз. Сонда бізге не болды, не көрінді сонша, кім болып барамыз?

Генетика ілімі – ағзалардың тұқым қуалаушылығы, өзгергіштігі туралы ғылым. Байқаймыз ба, арамызда бабалар тарихы түгілі өзінің жеті атасын білмейтіндер де кездеседі. Бүгінгі жастар жеті атасы мен тарихи шөжіресін біледі ме? Егер олар білмесе, кінә да, күнә да біздікі. Өйткені, ата жолынан өзіміз жырағындамыз, жеті атамыздың не өсиетін, не өнегесін, не салтын, не дәстүрін, не кәсібін, не өнерін, не дінін, не тілін жалғастыруда кембіз. Тіпті Кеңес идеологиясынан арылмай жатып, батысқа мойнымызды тығып үлгердік. Сайып келгенде, батыс – біздің дала заңымен емес, қала заңымен ұйықтап, қала заңымен оянатын капиталистердің елі. Сонда біз кімге еліктеп жүрміз? Бұған кінәлі заман ба, адам ба? Заманға келсек, ол өз орнында, қун шығуы мен батуынан, мезгілдер уақытынан, сағаттың тілі өз бағытынан жаңылыспады. Ендеше неден қателестік, ойлана берейік. Негізіне келер болсақ, ұлттымыз яғни, қазақ халқы – ғаламның ешбір этносына ұқсамайтын, өзгеріссіз қалған, қаны таза, рухы биік, мысы басым, жігері мықты, Құдайға сенген, аруақты сыйлаған, намысты ту еткен ұлы даланың иегерлері. Ал, бүгінде расымен осындаймыз ба? «Қоғамды өзгерту қиын емес, қиыны – өзіңді өзгерту» дегенге қарай,

Нұрлан БАЙЖІГІТҮЛЫ, дінтанушы, имам

Сол жақ канаттан бірте-бірте көгеріп Тебірен-бес шыны, одан бері жарыса Едірей, Айғыр-Байтал шыңдары көрінді, «Газ-63» жол тандамайтын жүк көлігі сарылықтағы бірде көрініп, бірде жоғалар шөп басып кеткен көне жолмен зулап келеді. Көліктің өкше ізі жаз болса қатқылдағы қақ, бөгеттерді жағалай қонатын қойшылар ауылынан шығып, Алланың әмірімен қысы-жазы әр жерден бүрк-бүрк етіп, бірі токтаса, екіншісі атқылап, Қарақұдық шыңы мен Айғыр-Байтал шыңы арасы табиғатына жан беретін бұлақты тұс – «Бұлақ» жайлауында отырған жылқышылар ауылын бетке алған еді.

Мана «Кабинада отырғаннан сыртта, таза ауада отырған жақсы» деп машина кузовына мінген үлкен кісінің көңіліне қараған ферма менгерушісі кабинаға медфельдшер Нұрланды мінгізіп, жас шамасы алпысқа жақындаған ақсақалдың қасына жайғасқан болатын. Отыз бес-тердегі ферма менгерушісі осыдан екі-үш күн ғана бұрын совхозға көмекке келгендердің өзіне бөлінгендерін жолға ала шыққан-ды. Аудан орталығы – Аралдағы түрлі мекемелер мен өндіріс орындарынан әр маусым сайын осындай көмекке келу дәстүрге айналып кеткен 1960 жылдардың соңғы тұсында, бұрынғы әдетпен жасы үлкендерді қойшылар ауылдарына бөлетін ол мына кісінің жылқышыларды қалағанын түсіне алмай келеді. «Аға, қойшыларда қазір алып бара жатқан жұмыс жоқ, малдың бәрі төлдеп болып қалды. Көмекші, сакманшылар толық, оның үстіне балалары да жазғы каникулға шығып келіп жатыр. Сіз бір ай болса да солардың қасында болмайсыз ба, өзіңізге жеңіл болады ғой», – дегенде ол: «Інім, қиын болса – көрерміз, не көрмеген бір бас, мені сол жылқышыларға көмекке жібер» деп тұрып алған болатын.

Осы өңірдің шежіресіне қанық жастығына қарамай талай оқиғалардан хабардар, бүкіл ауданға белгілі ветеринардың ферма менгерушісі қызметіне ауысқанына жыл жаңа толған болатын. Айсыз қараңғы түнде адаспай жол табағын ізшідігінмен, қой жіліктерін бұрап сіндыратын өңірімен, өлеңге жақындығымен елге танылған азамат сапарласына байқатпай көз салып қояды, ол болса машина үстінде жан-жағына асқан ықыласпен, ыждағаттылықпен көз салады, кей тұсқа, тіпті, тесіле қарайды. Жан-жағында дөңгелең қалып жатқан сексеуіл, түйе жапырақтарға дейін мына кісінің осынаша емірене көз салғанына таңғала қарайтын сынды, шың беттен ескен желден бір қозғалып қояды.

Аралдағы Ерекешов Оразғали ағаның маған нағашылығы бар. Кеше телефонмен сөйлескенде сізге қамқор болуды тапсырып: «Ол кісі де нағашы» деген еді. Мен де біраз жайтты білетін едім, бірақ сізді топшылай алмай келемін.

– Е, інім, біз бір жел айдаған қаңбақ... Қайдан білесің?... Айтпақшы, Оразғали сені маған жиен деп айтқан еді, бірақ мен бажайлап, толық сұрамаған едім, кімнің баласысың?

– Әбілдін.

– Қай еңбегі? Тәжібайдың Әбілі емес пе?

– Иә.

– А...?! Ол сәл үнсіз отырып қалды да, тез қалыңқа түсті. – Оу, жемізім Төртқара руынан сияқты еді, қайдан Алтынбайға жиен болып жүрсің?

– Кешегі аласапыранда, ащтық пен індет кезінде көкемнің ағалары қайтыс болып кетеді де, жегендерін некепел алады ғой. Ел бір заманда алты әйелді Әбіл деп те атаған.

– А... Онда жөн... Айтқандай, оның бір ағасының әйелі біздің апаларымыз еді-ау. Дұрыс, енді жобаға келе жатырсың. Е, қарағым-ай, Әбекеннің баласымын де...

Неге екенін қайдам, ол бұдан әрі әңгіме бағытын бұрғанды жөн санады-ау деймін, сапарластары туралы сұрай бастады.

– Шопыр кім, ана фельдшер бала ше?

– Шофер Куанышбай Жылмағанбетов деген жігіт, сіздің тұтысыңыз, ал, фельдшер жігітшің руы – Палуан, Нұрлан Ескараев деген ұдай пысық азамат. Анектодтың түр-түрін айтады, биял медуцилиннен бітіріп келді. Аға, байқаймын осы өңірдің біраз адамдарын білетін сияқтысыз. Ал, мен болсам сізді тани алмай келемін...

– Е... Оны кейін білерсің, інім.

Күн бүгін қағулау, ауданнан келген комиссия мен қызыл



Көкейшесім

жағалылардың ауылда жатқанына екі күн болды. Мына беті Дөңгелексор, Дүздібай, мына жағы Сарбастың тақыры, мына беті Теректіге дейін мұның малын табамыз деп кеткендер әлі оралмаған. Бұл болса ішінен күледі. «Ой, сорлылар, ай! Менде мал қалмағанын қайдан білсін. Ал, таба қойыңдар! Не табар екенсіңдер?!»

Қашаннан бергі қыстауы Ботақоралдан қатқылға қарай көшіп шыққан беті еді, қызыл танау болып жеткен ауыл белсенділері «Сарықұлды Сібірге айдайтын болыпты, мал-мүлкі өкіметке түседі екен, үй-ішін құлып асты ұстап, пойызбен айдайды екен» деген хабар таратты.

Ие, қуырғалдан заман-ай... Не дерің бар?! Кәмелескенің хабары шығысымен бұл өткен жылы-ақ қам жасай бастаған болатын. Ақылдаспаққа Теректі құмның бергі мүйісінде отырған Кемалбай ахун ауылына барып еді, Құмсайдан Баймахан ахун келіп жатыр екен. Дін жолындағы екі ғұламаның бірі қалың құм ішін кішігірім баққа айналдырып, неше түрлі жеміс ағаштарын егіп, Бұхаралдан көрген тірлігін жасап, мұрит-теріне зүйт қаздырып, бақша салдырып отырса, бірі шойын жол тірлігінің бел ортасындағы Құмсай стансасын мекен ететін. Жан-жақпен байланысы бар Баймахан ахунның ақылымен бұл байбешені ұлы Құлпақырмен бірге бөлектеп, Қарашоқатқа қарай жіберген еді, ел іші гүлген әңгімеге толды, ахундар ақылымен бұл әдейі байбешемен ұрыс шығарған болатын, оны жұрт қайдан білсін, бірі «Мына байды ана тоқал айдап салып, ақыры тым жақсы әйел мен баладан айрылды» десе, екіншісі «Үш әйелдің ба-сы пісе ме, түбінде болатын айқай еді ғой» десті. Бұл малды сатып та, көңілі қалағандарына беріп те, комиссия келгенде тізімге ілікпейтін шамада ұстап отырған кез еді.

Талайды көрген Сарықұл кіші тоқалы қаншама сездіргісі келсе де, көңілінде алаң барын байқайды. Соңғы кездері ортаның әйелдің: «Мына тоқал жөнінде сыпсын шыға бастады. Аштан өлгелі жатқан бейшараны алдың, қарқалазын боламын дедің бе, не пұшпағы қанамады, қон қатса – қалыбына барады деген, осы мұсадаттың қылуасы дұрыс болмай тұр-ау» деген ызыңы да мұның мазасын алып, көңілін май ішкендей етіп жүрген. Кеше комиссия хабарын жеткізгенде тоқал тіпті қуанып тұрғандай сезілді бұған. Иә, «Аралдан комиссия келді екен, пәті қатты дейді жүрт, не істейміз?» деген оның аса қиналып тұрмағанын білді бұл. Білгенде, сезгенде не істей қоярсын, ауылды басып жатқан әскер болса – мынау, ізінді бағып отырған ауылдағылар – анау. «Шыда, шыда Сарықұл!» деп қояды бұл өзіне-өзі, – «Не болса да – ертен белгілі болады».

Комиссия мұның мүлкін хаттап, қолдағы малды тізім-деп болған кезде күн де батты. Бәрін басқарып жүрген былғары күртелі қортық бастыққа біреулер жеткізген болуы керек: «Сәбет үкіметі әйел сабағып қоймайды, контра ұқтың ба, бәйбішені баласымен қоса қуып жіберіңсің, не деген оңбағандық, сені Сібірте шірі-темің» деп айқайлап біраз жерге барып басылды. Одан соң ауыл белсендісі шықты: «Бұл Сарықұл бай – нағыз қазып, малды азайтсам – кәмпескеге ілінбеймін – деп отыр. Мә, саған ілінбеген! – Ол екі қолыңды да бір бармағың сүк саусақ пен ортаңғы саусақ арасынан өші қалғандай жылтыңдата көрсетті. – С-сені бар ғой, сені... түк малың қалмады да итжеккенге айдағамыз. Біздің күніміз туған, соны біл!» деп. Олардың айқайына бұл мән де берген жоқ. «Е... белгілі болды... бәрібірі мені айдатпақ екен ғой бұлар. Мынау соңғы кездері тым белсенді болып кетті ғой, өз туыстарының да бір-екі ауқаттысын жер аудартты – деп еді, рас шығар». Санада сапырылсақ сан ойлардың ұшына шыға алмай отырған бұл ләм-мим деп тіл қатқан жоқ, ортаншы әйел бәйбіше кеткеннен бері билік өзіне тигендей болып жүрген, «Мына бірәуесінің ыпыны жаман екен, сөзін қарашы» деп күңкілдеп қояды.

Көп ұзамай ошақ оты өшті, жұрт ұйқыға жатты. Алғаш рет бай, әйелі, он жасар ұлы үшеуі үй іргесіне жатты, енді хатқа түскенін мұның он қанат ақ үйі де, тоғыз қанат кіші үй де, асуы ретіндегі екі қос та мұның болмай қалыпты, бұлардан әрірек кіші үй іргесінде тоқал жатыр. «О, дүние-ай... Демнің арасында қарларлыққа тап болғанын қарашы, қай пейілінен тапты екен? Бірақ, одан дейсін бе, бәрі заманнан болып тұр ғой, былтырғы ахундар сөзі – сөз-ақ қой. Қап, мына Жан-төренің көңілін қимағанын қарашы, күрең қасқаның үйірің де құртты жіберуі керек еді. Баланың бәсіресі деп ойлады, қолы бармады, қайтесің. Енді бәрі кеш. Тәуіп жақ бетке қарай асырған, солай қарай кеткендерге Сенбі еріп кетті деп еді, сол көрсетпесе – ешкім таба қоймас. Сенбіге не көрініпті, аштықтан бұралып өлгелі жатқан жерінен алып келді емес пе, тіпті жазылы түйеге өзі отыра алмағасын қоршаумен әкеліп еді-ау, Әйдәрбектің бір баласы еді. Жүрегі шаңығындай болды, ой мазалаған ол көпке дейін ұйықтай алмады.

Сәске түс мезгілінде жан-жаққа кеткен белсенділер мен милициялар қайтып орала бастады, тек Теректі бетке кеткендерден хабар жоқ. Мыналар келісімен-ақ ауыл үстің шаң басты, қаншама мал тұяғы қойсын ба, төңірек те аза бастаған сияқты, құдық басы, тіпті, ақ құйма айналған. Жаудың бетін қайтарғандай болып келген әлгілер келе сала тамаққа бас қойды, әр топтың

басшылары он қанат ақ үйдегі қортық бастыққа кіріп шығуда. Бір кезде қортық бастық үйден шығып, байдың Жаманқаладағы тамыр орыс ұстасына жасатқан рессорлы арбасының үстіне шықты да сөз бастады. Милициялар жұртты иіріп ұстап тұр.

«Тыңдаңдар! Сәбет өкіметі мен бәлшектер партиясы ірі байларды тап ретінде жой, – деп отыр бізге. Жоямыз! Неге жоймаймыз бұл паразиттерді. Осы маншын өзінен бірнеше байды көмеспекеледік. Енді мына Сарықұл байды құртамыз! Мына екі үйді, он және тоғыз қанат үйлерді қазір жығарсыңдар да, бірнеше түйеге тең деп артасыңдар. Аралға алып жүреміз, бәлкім үзеге, Қазалыға алып кетуі мүмкін. Бізге берілген тапсырма солай. Ал, мына былқылдақ арба біздің қарамағымызға өтеді, мына байды апарған соң, милициялардікі болады...».

Ол қолын құлаштай созып, ұранды бір сөз айтпаққа оқталған сәтте, терістіктен ауылға құлаған жылқы көрінді, қарамы жиырма шақты, Сарықұл Сенбінің жылқының қайда жатқанын көрсеткенін біле қойды. «Ой, сұм жалған-ай, туыс болмай тұа шөккір-ай, үйіме адам кіргіздім десем, шаң кіргізген екенмін ғой, бір ұрандым – деп бауырға басам, сұм жыланды асыраған екенмін ғой». Қортық бастықтың кәдімгідей жаны кіріп қалды, қасындағыларға әмір етіп, жылқыны құдық басындағы астаулар маңына қауалай бұғалық тастата бастады. Құдық маңы көк шаң. Далада еркін жүрген, биялдыққа құрық көрмеген, сауылмаған жылқы көне ме, барлығын матауға да ет пісірімнен аса уақыт кетті.

«Күрен қасқа, күрен қасқамай» – деп жылмасыраған Жан-төреге: «Балам, дыбысыңды шығарма. Мыналар байдың ұлы малды қимай жылпапты – деп жүрер. Ақырын күтейік, Алла ақырын берсін! Күрен қасқаның да жалына қолың тиер уақыт тұар балам!» – деді бәсең дауыспен Сарықұл. «Иә, Алла со күнге жеткізе гөр», – деді ұлын бауырына қысқан шешесі. Сарықұл ояға кеткен. «Ау, құдай-әруақ қайдасыңдар? Талады ғой мыналар. Мейлі талай берсін. Бірақ, сөздерін айтсайшы... Ызасын айтсайшы... Әкелерін мен өлтіріпін бе?.. О, несі?.. Ау, түтіптеп келгенде осы жарлы-жақыбайларды асырап келген мен емес пе?.. Ие... баланың бәсіре малы... күрен қасқа айғырдың үйірі аман қала ма деп еді, оның да саудасы бітті... Мыналар мал кәдірін білер дейсің бе?.. Жиделер қандай күйде екен? Әкесі айтқан... сен туғанда Қазалыдан әкеп егіп едім деп... Екі жиде... Саздыдан солтүстік-батысқа қарай қозы көш жерде еді, кейін бірнеше рет көрген, көне түбірлер өлгенмен, жанадан балалап, көк-тегендері жайқалып тұр еді... Байдыкі деп оны да құрттар ме екен... «Сол жағалықта отырғанда туғансың, сенің туған жеріңе әдейі ектім», – деп еді-

ау, жарықтық. Қап, әттеген-ай... Мыналардың ұсыны жаман екен... Айдауға, атақоныстан қууға бекітті... Қайда айдар екен?.. Туған жердің бір уыс топырағын ормалға түйіп қоймағаныңды қарашы әнеу-күннен бері... Енді көремін бе, көрмеймін бе...»

Оның ойын қортық бастықтың айқайы бұзды. «Кәне, давай, тездетіңдер! Әй, байды үй-ішімен арбаға мінгізіндер! Жүреміз! Күн кешкіріп барады». Бірнеше мылтықтылар бұларды арбаға мінгізді. Осы сәт... Алла-ай! Алла-ай, мына заман не болып кетті?!

Ұлымен бірге ортаншы әйел арба үстінде, «Піссімілла» деп бұл да тепкішекке аяғын сала берген сәт еді. Біреудің «шөк» еткен даусы шықты. Бұл жалт қарады. Жаратқан-ай! Өзің жар бола гөр та! Көргені – үш ұйықтаса түсіне кірмеген сұмдық еді... Басы айналып, көзі қарауытты. Жіпісік көз Сенбі арбаға беттеген кіші тоқалдың білегінен шап беріп ұстап, даусын көтере: «Уәден қайда? Бай айдалса, саған тиенім дегенін қайда? Қал!» деуі мұң екен, әлі жиырмаға да толмаған жас тоқал сауыншы Сенбінің ізіне ерді. Жантөре: «Әйпапа, қайда барасың?», – деп шыр ете қалды, шешесі болса: «Әй, Әйпапанның маңдайына көк тігілсін... О, Құдай! Бар болсаң, жібер мыналарға зауалыңды... Қу тоқал-ау... Иңдыны қанабаған сорлы-ау... Жертартқыр, жер мола болғыр-ау, сүйегімді сіндырдың-ғой...» Әйелі дауыс салып жылпап жіберді, қортық бастық үзінгіге шірене: «Міне, осылай... Вот... Жылайсыңдар әлі... талай жылайсыңдар... Бұл басы ғана... Жас емес, көздеріңнен қара қан ағады әлі... Біз ағызамыз...», – деп күпіне сөйледі, – Ал, қозғалдық! Бастықтар күтіп отыр...»

Бастыққа жағыны ел-ғысы келді ме, Сенбі: «Аралға дейін осы құмды жиектеп отырсаңыздар тұн ортасы ауа жетіп қаласыздар ғой», – деп еді, анау оған күдіктене қарады. – Қайда баратынымызда не шаруаң бар? Әлде жансызсың ба? Біреулерге хабар салайын деп тұрсың ба? Қалай жүретіңіз – ол секірет... Мүмкін, сен... түнде... адам жинап, қарулаңып барып мына байды құтқарып алғың келіп тұрған шығар, ә? Сәтәри, ә?

Сенбінің жіпісік көзі жұмылып кеткен, қорыққаннан отыра қалды. «Тәуарип, бастық... Мен сіздерге тек жақсылық ойлап...»

Қуатит... Өшір үніңді...

Бұл қозғалды, тап осы сәт тағы да сұмдық оқиға болды. Арбаға жүгіріп жеткен Сенбі бай мен әйелі арасында жатқан үлкен қоржынды жұлып алды. Қазалыдағы татар байы Ғанибайдың тартуы болатын бұл қоржын, бір басына қапқа жуық зат кететін, тегінде Орынбормен екі ортада керуен тарту үшін түйеге арналып тоқылса керек, еспетті дүниенің бірі еді, оның екі басына да «жол азығы» деп күрт-ірімшік, піскен нан мен қарын толы сары май, сүзбе толтырылған еді. Байдың ұнжырғасы түсіп кетті, қайта әйелі мықтылау екен: «Әй, Сенбі... Жал біткен екен саған... Өлімнен сақтап қалып едік... Пәленбай жыл көтінді көтере алмай, көтерем болып жатқаныңды ұмыттың-ау... Жол азығымызда нең бар... Қайтар», – деді тістене сөйлеп. Оған қыңқ еткен анау жоқ: «Байдың мінгенін мініп көрдік, енді жегенін біз де жеп көрейік», – деп ырған-ырған етті.

Бұл қортық бастық мана түйеге тенделген киіз үйлер мен бағалы деген бұйымдарды бір топ адаммен Аралға жіберген, «Егер, жолда біреу тиісетінді болса, аямаңдар, атыңдар!» деп қадай бұйырған. Енді өзі жол бастады, қасында екі әскер, бір милиция арба айдаушы орнында отыр, оның атын жетекке алған. Соныңда аттылы екі милиция, «Ауық-ауық төбелерге шығып, жан-жақты барлай отырыңдар!» – деді оларға қортық бастық. Сарықұл бай тағы да ой азыбын көтеруде. Арба дөңгелегі түбір-шекке, шөп түбірлеріне тигенде ырғалып кетеді, әйелінің күңкілі естіледі: «Енді опынғаннан не пайда, әлгі көргенсіз құлдың кеуілінде құрт бар екен ғой... Алла-ай! Өзінде жөнді ұсқын да жоқ, сорлы жылан көз... Тоқалды айтам да... сонымен әуе-йіленіп... астымен алысқан салдақы...»

Қарабұтақ беттен оралған Әбілге Сарықұл байдың көмеспекеленіп жатқан хабары кештеуіп, бірден атқа қонған еді, бай жылғауына жеткенде күн кешкіріп қалған болатын. Талай жыл түз-дәмдес болған адаммен қоштасып қалуы мақсат еткен

ол айдауыл топтың шығып кеткен уақытын іштей есептеп, арба ізімен жүрмекке бел буды. Сыдыртып отырса ет пісірімде қуып жетуі керек. Енді жолға шығамын деп тұрғанда бай жылқышысынан жағымсыздау хабар есітті. «Імм... Бұл да бір заманның сынағы шығар... Байдың тоқалы Сенбімен қалып қойыпты... Апыр-ай, жасы келіп қалған Қүлекен мына азарға шыдаса болар еді...» Жылқышыға не айтарын білмей абдырап тұрғанда, одан кейінгі әңгіме – Сенбінің байдың жол азығын тартып алып қалуын естігенде қаны атқақтап басына шапты, тістенген ол: «Әй, жетпіс жеті әкеннің аузын... Сенбі! Мында кел!» деп айқайға басты. Бастесе бір қойдың етін бір өзі жейтін, небір шу асауларыңды тыпыр еткізбей бір өзі ұстайтын палуан денелі Әбілдің қамшыгерлігін білетін жұрт, тіпті, ит екеш ит те ығып жүретін.

Жіпісік көзі жылт-жылт етіп Сенбі келді, алыстан сәлем беріп, жақындамайды. Сірә, қорқа соғып, қайбыртты тұрса керек. «Қүлекеннің қоржынында нең бар... қатыны аз болды ма саған... Бар! Әкел қоржынды!» Анау ышқына жүгіріп, қоржынды алып келді: «Әбеке, сынық құрт та алған жоқпын. Тиген жоқпын». Қоржынды Сенбі қолынан ат үстінен еңкейе жұлқи алған Әбіл тез тіктеліп, алдына өңгере салды да тақымын қысқан болатын.

Айдауыл топ көне керуен жолымен жүріп отырып, біраздан соң Құмсайға бет алыпты. «Санадан мінгізейін деген ғой. Аралға апарса – онда мұның туыстары көп, соны есептеген екен ғой бұлар». Ол Сарқұлдарды Сәтқұдыққа кірген тұста қуып жетті. Оларға жақындағанын не әнге, не зарға ұқсамайтын дауыстан білді бұл. «Е... Қүлекеннің зары ғой, жалымда ұстайыншы, менен басқа мұны кім естір енді...». Осы ойларға бекінген ол ара қашықтықты сақтап ашы запыранды өлеңді жадына токи берді.

Сәлем де Алтынбайдың баласына, Көзімің ағы менен қарасына, Жаман құл тоқалымды алды тартып, Құдай-ау, нанбайсың ба, нанасың ба?

Сәлем де Әйдәрбектің баласына, Сүйегім бөтен жерде қаласың ба? Азары жаман иттің кетті өтіп, Қарамад сақалдың ақ, қарасына.

Туған жер, қош айтамын, жұртыма да, Жат жерде жан тапсырып, тырқиям ба? Алтынбай талай жайсаң шыққан еді, Кегімді қайтаратын ұл туар ма?

Қортық бастықтың дауысы тарғылдана шықты: «Әй! Контра! Қуатит... тіпті боздаттып барасың ғой...» Осы кезде бұл да арбаға жақындаған еді, мылтық затворлары сарт-сұрт етті, «Стой!... Кім бұл?» – деген айдауыл дауысы қатар шықты. Бұл да дауысын қаттырақ, сенімді, нық шығара: «Мен Әбілмін. Тәжібайдың Әбілімін, Ағзұмовтың тамырымын» – деді. Ағзұмов аты аталысымен айдауылдар да, қортық бастық да кішірейе қалды. Қазалы уезі милициясы бастығының орынбасары, әрі Арал бөлімшесінің бастығы Ағзұмов – ұлты татар, Қандыағаш жақтан келген, қаталдығымен қатар, әділ басты болатын. Бағызда Қолчак әскерінің қалдықтырымен күресіп жүргенде оны ажалдан құтқарғаны бар еді, соны ұмытпаған ол әрі-бері өткенде мұның үйіне соғып тұратын, шешесіне құмалақ тартқызытын, дінні сауаты да біршама деңгейде болуы керек, исламнан хабары мол шешесімен ошап пікірлесетін. Бұл достықты білетін айдауылдардың босаңсығанын жөне тұн қараңғылығын пайдаланған ол азық толы қоржынды байқатпай арбаға тастай берді. Сарықұл іс жайын бірден түсінді, «Қайтқан малда қайыр бар», – дейді ғой қазақ, «Аққұдай... Әбілсің бе?.. Ей... бауырым-ай... е-е...ей...» Қараңғы тұн... Егер күндіз болса бай сақалын қуалай аққан жасты көрер еді айдауылдар. Құдай ондап тұн болды... Бұл сан сезімдер тоғысының жасы: азаматқа деген ризалықтың, өзі көрген азардан туған ызыңның, туған жерге деген қимастықтың жасы еді.

Алдажар ӘБІЛОВ.

(Жалғасы бар)

Барлық адам бірдей тәртіп пен талапты сақтай бермейді. Бірі қасакана қылмысқа барса, енді бірі абайсызда жаза басып жатады. Облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы жыл басынан бері аймақта қылмыс саны 2178-ден 2142-ге төмендегенін хабарлады. Бірақ бұрын сотты болғандар жасаған қылмыс көбейген.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Қоғамдық тәртіпті сақтау құр сөз емес

Қоғам қауіпсіздігі үшін қылмыстың алдын алу маңызды. Облыс көлемінде «Надзор» «Пробация» «Квадрат» іс-шаралары ұйымдастырылып жүр. Онда полиция қызметкерлері бұрын сотты болғандардың мекен-жайын тексеріп, олармен профилактикалық жұмыстар жүргізеді.

— Күн сайын облыс орталығы 396 бағытқа бөлініп, қоғамдық орындар мен көшелердегі қылмыстың алдын алу үшін 92 қызметтік автокөлікпен 148 қызметкер, 10 жаяу бағытқа 20 қызметкер және Ұлттық ұлан гвардиясынан 145 сарбаз кезекшілікке шығады. Сондай-ақ, облыс орталығы бірнеше секторларға бөлініп, қаланың криминогенді, яғни, қылмыс көп болған аймақтарының картасы жасақталған. Қоғамдық орындар мен көшедегі құқық бұзушылықтардың барынша тежеу үшін жұма, сенбі, жексенбі және мейрам күндері кафе-барлар мен түнгі клубтарға, ақша айналымы бар объектілерге және көпқабатты үйлердің аулдарына аппарат қызметкерлері қосымша бағыттарға шығуда.

Бұрын сотты болғандар қайта қылмысқа бармас үшін қатаң бақылауда ұстаймыз. Учаскелік полиция инспекторлары жыл басынан бері есепте тұрған 4 азаматты түзеу мекемелеріне қайтарды, 3 азаматқа әкімшілік қадағалау орнатылды, — делі облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары, полиция полковнигі Бақыт Молдабеков.

Қазір өзекті мәселе — жол-көлік оқиғаларының жиілеп кетуі. Жыл басынан оның саны 199-дан 201-ге, жол апатынан қайтыс болғандар саны 52-ден 66-ға өскен. Жарақат алғандар 245-тен 248-ге артып отыр. Оның ішінде балалардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғалары 33-тен 58-ге өскен, қайтыс болғандар 4-тен 9-ға, жарақат алғандар 46-дан 58-ге көбейген. Әрбір жүргізуші көлік айдау кезінде жол ережелерін бұзбай, тәртіпке бағынса, мұнша жаңа зияны тиіс емес.

Облыста 240 балабақша бар (оның 208-і жеке, 27-сі мемлекеттік балабақша, 5-уі шағын орталық). Оның ішінде 151-де бала тасымалдау көлігі бар. Бірақ тасымалдау көліктері талапқа сай келмейді. Жүргізушілерге ескертіп, ұнпақтар таратып, әлеуметтік желілерде жарияланса да, талап сақталмайды. Бала тасымалдау қағидаларын сақтамағаны үшін жыл басынан 38 жүргізушіге әкімшілік шара қолданылып, 570 мың теңге айыппұл салынып, өндірілді.

— Темір тұлпарды тізгіндеген әрбір азамат жауапкершілік се-

зінуді керек. Жолға шыққан соң өз тағдырына, айналасындағы жүргізушілер мен жолаушылар өміріне жауапты. Сондықтан жол өзімдікі деп, ережелерді бұзып тайрандамауы тиіс. Жол-көлік оқиғаларынан балалардың зардап шегуі орны толмас өкініш. «Асықтым», «Байқамай қалдым» деген сылтаулар айтылады. Көлікке мас күйде, стрестік жағдайда отырмау қажет. Жазым деген аяқ астында. Сақтық жасамаса өзінің де, өзгенің де өміріне зияны тиеді. Қылмыс пен жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін әр адам жауапкершілікті сезінуі керек, — дейді облыстық мәслихат депутаты Аида Әбibuлаева.

Жол апатының алдын алу бағытында облыстық полиция департаменті жедел-профилактикалық шаралар ұдайы жүргізіп келеді. «Қауіпсіз жол», «Автобус», «Заңсыз жолаушы тасымалдаушы» жедел-профилактикалық шаралары мен «Назар аударыңыз, балалар!» және «Жолда қабылдау» акциясы өз нәтижесін беруде.

— «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы барысында 10 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталып, оның ішінде мас күйінде көлік айдағаны үшін 120, жаяу жүргіншіге жол бермеген 264, қарсы бағытқа шыққан 31, бағдаршамның қызыл түсінен өткен 88, автокөлікті заңсыз қайта бақылаған 2 дерек анықталды.

Сонымен қатар облыс төңірегінде жана оқу жылы қарсаңында ҚР ІІМ нұсқауына сәйкес 19-21 тамыз аралығында күшейтілген түрде жұмыс атқарылады. Екі кезеңде 22-31 тамыз және 1-12 қыркүйек күндері «Абайлаңыз, балалар!» атты жедел-профилактикалық іс-шаралары өтіп жатыр. Аталған іс-шара барысында оқу орындарының айналасындағы жол, жол белгілерінің жағдайлары тексеріледі. Біздің басты мақсатымыз — адам өмірі мен денсаулығын сақтап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, — дейді облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі бастығының міндетін атқарушы, полиция подполковнигі Марат Рахметов.

Полиция қызметкерлері жүргізушілерге жылдамдықты межеден асырмай, жол ережелерін сақтауды ескертеді. Жолда жүргенде жаяу жүргіншілер, тек белгіленген орыннан өткені абзал. Санаулы күннен соң жана оқу жылы басталады. Ата-аналар балаларға жолда жүру ережесін үйретуге барынша көңіл бөлсе дейді мамандар. Ол үшін жол қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сырт киімдеріне, сөмкелеріне мүмкіндігінше жарық қайтарғыш таққан жөн.

ӘКЕМІЗДІҢ ЕСІМІ ЕСТЕ ҚАЛСА

Адам баласы үшін ата-ананың орны әркез бөлек. Өзі өмірден өтсе де, жарқын бейнесі, жақсы істері, тәлім-тәрбиесі жадымыздан өшпейді. Ерге лайық мінезімен, есепті еңбегімен отбасына ғана емес, ел-жұрт арасында құрметке бөленген әкеміз жайлы айтылған естелік көп.

Әкеміз Еспембет Мұратбаев 1923 жылы дүниеге келген. Әкесі ерте қайтыс болып, шешесі жетім балалар үйінде жұмыс істеген. Анасына сүйеу болып, отбасына қарайласып жүрген кезінде, 19 жасында соғысқа аттанған. Бұл 1942 жыл еді. Мерген болғандықтан майданда атқыштар құрамына алынған. Сталинград шайқасына қатысқан. 1944 жылы майданда жараланып, ІІІ топтағы мүгедек болып оралады. Елге келіп, еңбекке араласты. Қиын күндерді басынан кешсе де, ол кісі соғыс туралы әңгіме айта бермейтін.


Елге оралған соң «Октябрь» деп аталатын артелде жұмыс істеген. Бұл жерде өзі сынды мүгедек жандар еңбек ететін. Ал 1958 жылдың қазан айында елді мекенде жанадан ашылған МИС (ма-

шина испытательный станция) мекемесіне жұмысқа орналасады. Алғашқыда қарапайым жұмысынан бастаған ол, қойма меңгерушісі қызметіне дейін жоғарылап, өз міндетін жауапкершілікпен атқара білді. Зейнет жасына жеткенше осында еңбек етіп, көптің құрметіне бөленеді.

Ел үшін еткен еңбегі ақталып, «І дәрежелі Отан соғысы» орденімен, Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 40 жыл, «КСРО Қарулы күштеріне 70 жыл және «Еңбек ері» медалімен марапатталған.

Жұбайы Құлпаш Мұратбаева да бірге еңбек етіп, жоғары марапаттар иеленген. Отбасында алты бала тәрбиелеп, қатарға қосты. Қазір балалары әр салада еңбек етіп жүр.

Көзқорғандар мен қатар



еңбек еткен азаматтардың пікіріне кезек берсек:

— Мен Еспембет ағаны 1969 жылдан білемін. Ұлы Отан соғысының ардагері. Қызылорда машина сынау станциясында зейнетке шыққанша абыройлы еңбек етті.

Жұмыс алуан түрлі болатын. Көктемгі егін науқаны, тұқым күріш тиіп жіберілетін кез. Таңертеңгі сағат 4-тен басталған жұмыс қас қарай-

ғанша жалғасатын. Еспембет аға осы шаруаның бәрін қадағалап, бір тынбайтын. Еңбегі елеусіз қалған жоқ, бірнеше рет алғыс хаттар иеленді. Үрлі дәрежедегі орден-медалдары да бар. Сондықтан ол кісіге қандай құрмет көрсетіледі де артық болмас еді, — дейді Жақсымбек Нұрымбетов.

Сол қиын жылдарда Е.Мұратбаевпен бірге еңбек еткен Ақжарма ауылының тұрғындары Рысбек Өтегенов, Николай Григорьевич Ходанович секілді замандастары да оның адамгершілігі мол, өз ісіне шын берілген азамат екенін айтып, соғыс және еңбек ардагерінің есімін есте қалдыру мақсатында ауылдағы бір көшеге есімін беру лайықты шешім болар еді дейді.

Сол бір соғыс жылдарында Отанын қорғап, елге оралған соң туған жерін өркендету жолында аянбай еңбек еткен әкеміздің есімі есте қалса дейміз.

Қалқұл МҰРАТБАЕВА,
зейнеткер

Жалақы төлеудің тәртібі мен мерзімі

Жалақының уақытылы төленбеуі жөнінде мәселелер туындағанда әрбір азамат оның тәртібі мен мерзімінің заңдылығын білуі тиіс.

Еңбек кодексінің 113-бабын түсіндіріп өтсек, жалақы ҚР Ұлттық валютасында ақшалай нысанда белгіленеді және айына бір реттен сиретпей, келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірілмей төленеді. Жалақы төленетін күн еңбек шартында көзделеді. Демалыс немесе мерекелер күндеріне тура келген кезде төлем оның қарсаңында жүргізіледі.

Осы норма жалақыны төлеу тәртібі мен мерзімін айқындайды. Тәртіп пен мерзім — еңбекке ақы төлеу саласындағы мемлекеттік кепілдіктердің бірі (ҚР ЕК 102-б.) және елімізде ратификацияланған, ХЕУ-ның «Жалақыны қорғау туралы» №95 Конвенциясының (12, 13-баптары) (Женева қ., 1949 жылғы 1 шілде) ережелеріне сәйкес келеді.

Кейбір ұйымдарда жалақы беретін күн ұжымдық шартта айқындалады, ал кейбір ұйымдарда (көбінесе ол, ұжымдық шарты жоқ және штаттағы жұмыскерлермен еңбек шарты жасалмайтын мемлекеттік органдарда) төлемдер нормаларын ұстанды. Өзіннің нормативтік құжаттарында жалақыны төлеудің нақты мерзімдерін көрсете отырып, келесі айдың бірінші 10 күнінен кешіктірмей төлейді.

Көптеген ұйымда ұжымдық шарттарға немесе жұмыс берушінің актісіне сәйкес, жалақы төлеудің аванстық жүйесі пайдаланылады. Бұл ретте айдың жартысында тарифтік мөлшерлемелік (лауазымдық айлық ақының) бір бөлігін қамтитын аванс және тұрақты сипаттағы (еңбектің зиянды жағдайлары және т.с.с.) өтемақы төлемдері төленеді, ал келесі айдың басында ынталандыру төлемдерін

қамтитын қорытынды есеп айырысу жүргізіледі.

Жалақы төлеу кезінде жұмыс беруші жұмыскерге тиесілі жалақының құрамдас бөлігі, ұсталған мөлшері мен негізі туралы, оның ішінде ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарнасы туралы, сондай-ақ төленуі тиісті жалпы ақша сомасы туралы мәліметтерді жазбаша немесе электронды түрде ай сайын хабарлауға міндетті.

Жұмыс беруші жалақыны толық көлемде және еңбек шартында белгіленген мерзімдерде төлемеген кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады. Төлемді кідірткен кезең үшін жұмыскерге берешек пен өсімпұл төлейді.

Өсімпұл мөлшері жалақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күніне Ұлттық Банктің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі негізге алына отырып есептеледі. Төлем жүргізілуіне тиісті келесі күннен бастап мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есепке жазылады және төлем жасалған күнмен аяқталады. Осы норма жұмыс беруші жалақыны толық немесе мерзімінде төлемегенде, оның жауаптылығын айқындайды.

Жұмыс берушінің жалақыны толық көлемде және еңбек заңнамасында белгіленген мерзімде төлеуі, сол сияқты жұмыс берушінің кінәсінен тәуелсіз кешіктірген кезеңі үшін өсімпұлды есептеуі және төлеуі лауазымды адамдарға отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға алпыс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ә.ТИМУРЛАН,
облыстық бақылау басқармасының бас маманы,
мемлекеттік еңбек инспекторы

Хабарландыру

«Байқоңыр» ӘКК» АҚ Қызылорда облысының кәсіпкерлік субъектілерін майлығы 5-9% сүзбе, ас тұзы, майлығы 2,5% айран, майлығы кемінде 72,5% сары май тауарының бағасын тұрақтандыру үшін зым алуға шақырады. Займ бойынша ақпаратты www.spk-baikonur.kz сайтынан алуға болады.

Хабарландыру

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 26.08.2022 ж. №55-нқ бұйрығымен «Бастау-S» ЖШС-ның жылжымайтын құрамның өтуі үшін кірме жолдары беру қызметіне 2022 жылдың 1 қыркүйектен бастап 31 желтоқсан аралығына 1 вагон/км ҚҚС-сыз 159,73 теңге мөлшерінде өтемік тарифтер бекітілгендігін хабарлаймыз.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

«Дәулетэнерго» ЖШС тұтынушыларының назарына!

«Дәулетэнерго» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне электр энергиясының алдағы уақытта шекті бағаның өсетіні туралы хабарлама жолдағанын, ондағы жобалық орталық босату бағасы 1 кВт.сағатқа ҚҚС-сыз 24,20 теңгені құрайтынын немесе қолданыстағыдан 20,8 пайызға өзгертіліп ұсынылғанын өзінің тұтынушыларына хабарлайды.

Өзгертудің негізгі себебі: тоқ өндіретін электрстанциялары мен тасымалдаушы компаниялардың тарифтерінің өсуі.

«Дәулетэнерго» ЖШС-ның 2022 жылдың 1 қазанынан бастап қолданысқа енгізуге ұсынған әр қызмет түрі бойынша жоспарланған шекті бағасының ЖОБАСЫ (бекітілмеген)

№ п/п	2022 жылдың 1 қазанынан бастап жоспарланған баға			2021 жылдың 20 қазанынан бастап келісілген баға			айырмасы	
	Тариф ҚҚС-сыз	ҚҚС 12%	Тариф ҚҚС-мен	Тариф ҚҚС-сыз	ҚҚС 12%	Тариф ҚҚС-мен	теңге	%
1	Орташа босату тарифі							
2	Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі							
Тұтыну көлемі бойынша тарифі:								
Электр плиталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін								
1-денгей (70 кВт*с дейін)	20,58	2,47	23,05	17,08	2,05	19,13	3,50	20,5%
2-денгей (70-тен150кВт*с дейін)	25,28	3,03	28,31	20,93	2,51	23,44	4,35	20,8%
3-денгей (150 кВт*с жоғары)	31,61	3,79	35,40	26,16	3,14	29,30	5,45	20,8%
Электр плиталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін								
1-денгей (100 кВт*с дейін)	20,58	2,47	23,05	17,08	2,05	19,13	3,50	20,5%
2-денгей (100-ден 170кВт*с дейін)	25,28	3,03	28,31	20,93	2,51	23,44	4,35	20,8%
3-денгей (170 кВт*с жоғары)	31,61	3,79	35,40	26,16	3,14	29,30	5,45	20,8%
Электр плиталарын пайдаланбайтын жеке тұратын ҮОС ардагерлері мен осыларға теңестірілген мүгедектер, зейнеткерлер үшін								
1-денгей (100 кВт*с дейін)	20,58	2,47	23,05	17,08	2,05	19,13	3,50	20,5%
2-денгей (100-ден150кВт*с дейін)	25,28	3,03	28,31	20,93	2,51	23,44	4,35	20,8%
3-денгей (150 кВт*с жоғары)	31,61	3,79	35,40	26,16	3,14	29,30	5,45	20,8%
Электр плиталарын пайдаланатын жеке тұратын ҮОС ардагерлері мен осыларға теңестірілген мүгедектер, зейнеткерлер үшін								
1-денгей (100 кВт*с дейін)	20,58	2,47	23,05	17,08	2,05	19,13	3,50	20,5%
2-денгей (100-ден170кВт*с дейін)	25,28	3,03	28,31	20,93	2,51	23,44	4,35	20,8%
3-денгей (170 кВт*с жоғары)	31,61	3,79	35,40	26,16	3,14	29,30	5,45	20,8%
3	Занды тұлғалар үшін орташа босату тарифі							
	27,41	3,29	30,70	22,68	2,72	25,40	4,73	20,9%
	Бюджеттік мекемелер үшін							
	37,29	4,47	41,76	30,43	3,65	34,08	6,86	22,5%
	Өзге де тұтынушылар үшін							
	24,20	2,90	27,10	20,03	2,40	22,43	4,17	20,8%

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000497 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Қазақстан кезең-кезеңмен цифрлық эфирлік телехабар таратуға көшіп жатыр

Соңғы жылдары технологиялар дамып жатыр, мұны, әсіресе ақпарат жеткізудің жана әдістерінің енгізілуінен анық байқауға болады.

«Қазтелерадио» акционерлік қоғамының жаңа заманға сай техникалық шешімдерінің арқасында 2018 жылдан бастап аналогты телевизия өшіріліп, цифрлық эфирлік хабар таратуға кезең-кезеңмен көшу басталды. Бүгін жоғары сапалы кескін және дыбыс беретін сигналдар Манғыстау, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Алматы, Жетісу, Павлодар, Қостанай облыстарының, сондай-ақ, Елорда тұрғындары мен қонақтарына, Алматы және Шымкент көрермендеріне қолжетімді. Республиканың 92,43% жері ЦЭТВ-мен қамтылған.

Цифрлық Эфирлік Телевизия дегеніміз не өзі? Жәй сөзбен түсіндіретін болсақ, бұл — сигналды жеткізудің жана технологиясына көшу. Аналогты сигнал ауылдық жерлерге тек 2-3 арна жеткізетін, әрі ауа-райы құбылыстарына тәзімсіз болатын, сондықтан жиі-жиі дұрыс көрсетпейтін.

Цифрлық эфирлік телевизия неғұрлым сапалы кескін мен дыбыс қабылдауға мүмкіндік береді, ең бастысы, трансляцияланатын арналардың санын бірнеше есе арттырып, облыс орталықтарында 30-ға дейін, тіпті ең шалғай аудандарда 15-ке жеткізді. Бұдан басқа, қазір абоненттерге түрлі сервистер

қолжетімді, оның ішінде телебағдарлама, қаралатын телехабардың қысқаша сипаттамасы және т.б., бір сөзбен айтқанда, аналогты хабар таратудан цифрлық хабар таратуға көшу көрермендер үшін де, ұлттық оператор ретінде хабар тарататын «Қазтелерадио» АҚ үшін де ала басын үлкен қалам.

Цифрлық Эфирлік Телевизия абоненті болу өте оңай, ол үшін теледидарға цифрлық сигнал қабылдайтын жалғам құрал мен дециметрлік антенна — Сіздің алдыңсызың жеткілікті — Сіздің алдыңсызың керемет сапамен көрсетілетін отандық арналардың тізімі шығады. Айтпақшы, заманауи теледидардың көбінің ішіне цифрлық эфирлік сигнал қабылдағыш салынған, ол кез келген бағдарламаны жалғам құралсыз көруге мүмкіндік береді. Ең маңыздысы, цифрлық эфирлік ТВ топтамасындағы арналар су тегін таратылады.

Сонымен, Цифрлық Эфирлік Телевизияға көшу дегеніміз, бұл — республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарынан алыс тұратын болсаңыз да, сүйікті хабарларыңызды тегін әрі керемет сапамен көру мүмкіндігі.

Қалай қосылуға болатыны және жадыбық сатып алу туралы толық ақпаратты www.tsetv.kz сайтынан, сондай-ақ, ұялы операторларға тегін 8 8000 800 193 нөмірі немесе 193 нөмірі арқылы ала аласыз.

БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БОКС КҮНІ

Спорттағы халықаралық даталар тізімі 2017 жылы тағы бір мерекемен толықты. 2018 жылдан бастап Халықаралық бокс күні атап өтіліп, жыл сайын 22 шілдеде тойланатын болды. Бірақ 2021 жылы мерекені 27 тамызға ауыстыру туралы шешім қабылданды.

Қазақ боксшының атасы кім?



Бокс – әлемдегі ең көне спорт түрлерінің бірі. Жұдырықтасу б.з.д. 688 жылы Олимпиада ойындарының бағдарламасына алғаш рет енгізіліпті. Ал, қазіргі біз білетін бокс XVIII ғасырдың басында Англияда пайда болды. Алғашқы бокс академиясын Джеймс Фитт 1719 жылы Англияда құрған. 1889 жылдан бастап боксшылар қолғаппен жұдырықтаса бастады. 1912 жылы Олимпиадаға қатыспады, себебі Швецияда бұл спорт түріне 2007 жылға дейін тыйым салынған болатын. Сондай-ақ, Норвегия,

Исландия, Иран және Солтүстік Кореяда да боксқа тыйым салынған. 1920 жылдан бастап бокс олимпиадалық спорт түрлерінің тізіміне енді. Бүгінде кәсіпқой бокста 17 салмақ дәрежесі бар. Ең жеңіл салмақ 47,6 келіге дейін, ең ауыры – 90,7 келіден жоғары. Айта кетерлігі, бокс – қауіпті спорт түрлерінің бірі. 1980 жылдан бері 200-ден астам боксшы рингте қайтыс болды. Бүгінде бокс – әлемдегі ең танымал, еліміздегі ең дамыған спорт түрлерінің бірі. Тарихи

деректерде елімізде 1933 жылы пайда болғаны айтылады. Қазақ боксшының негізін салған – Шоқыр Бөлтекұлы. Ол – қазақтан шыққан тұңғыш КСРО спорт шебері. Қазақ боксшының баһадүрі атанған Шоқыр Бөлтекұлы жайлы қазақ спорт журналистикасының негізін қалаған қаламгер Сейдахмет Бердіқұлов «Қазақстанға бокс қолғабын алғаш аркалап келген адам» десе, қазақтан шыққан қаһарман тұлға Бауыржан Момышұлы: «Дүниеде екі-ақ нағыз қазақ

бармыз, бірі – мен, бірі – Шоқыр» депті.

Елімізде бокстан тұңғыш жарыс 1937 жылы Алматыда өтті. Қазақтар КСРО чемпионатына алғаш рет 1947 жылы қатысты. Қазақ КСРО 1948 жылы Орта Азия республикаларының спартакиадасына қатысты. Кеңес үкіметі кезінде қазақстандықтар КСРО чемпионаттарында 157 медаль жеңіп алған. Атап айтсақ, барлығы 36 алтын, 44 күміс, 77 қола медаль жеңіп алды. Олимпиада ойындарында КСРО құрамасы сапында өнер көрсеткен қазақстандық спортшылар екі күміс және екі қола, ал Әлем чемпионаттарында екі алтын және екі күміс медаль иеленді. 1988 жылға дейін қазақ боксшылары КСРО құрамасы сапында өнер көрсетті.

Бір қызығы, 1992 жылға дейін ТМД елдерінен құралған бірлескен командалық құрамында Қазақстан спортшылары болды. Ресми түрде еліміздің ұлттық құрамасы жеке команда ретінде 1994 жылдан бері өнер көрсетіп келеді. Бүгінде Қазақстан Олимпиададағы медальдар саны бойынша алғашқы 10 елдің қатарында.

«СБ» ақпарат

Қарызға батқан қоғам



Бүгінде облыс тұрғындарының банкке қарызы 361,4 млрд теңгені құрап отыр. Өткен жылмен салыстырғанда 17,5%-ға өскен. Халық алған несиеңнің бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту мен тұтынушылық мақсатқа жұмсаған. Ұлттық банктің Қызылорда филиалының мәліметіне қарағанда, облыс бойынша мерзімі өткен несие 10,2 млрд теңгені құрап отыр. Біздің елде қарызға өмір сүру үйреншікті жағдайға айналып кеткені соншалық, экономикалық белсенді қауымның 80%-ын басында бір, екі, тіпті үштен несиесі бар.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

БРИФИНГ

Алаяқтар аяғын тартпай тұр

Жыл басынан бері қалада алаяқтық бойынша 527 іс тіркелген, бұл өткен жылдың салыстырмалы кезеңіндегі деректен 42-ге көп. Әлеуметтік желі арқылы жасалған алаяқтық бойынша 285 іс өндірістік қарауда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Қызылорда қалалық полиция басқармасы кримналды полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Айдарбек Құрбанов айтты.

– Қазіргі уақытта әлеуметтік желі арқылы жасалатын алаяқтық қылмыс көп тіркеліп жатыр. Атап айтқанда, ақшаны еселеп беру, азаматтардың деректерін пайдаланып онлайн несие алу, «Колеса», «Инстаграм», «ОЛХ» жарнама парақшаларындағы жалған хабарландыру арқылы сауда жасау.

Сондай-ақ, «балаңызды полиция қызметкері ұстап тұр, оны шығарып алу үшін ақша аудару керек» деп алдайтындар да бар. Бұл сипаттағы қылмыстардың ізін суытпай ашу бағытында жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізілді. Нәтижесінде ҚІП осындай қылмыс жасаған 17 дерекке қатысы бар деген күдікті адамды ұстап, қамауға алып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде, – деді А.Иманбердіұлы.

Алаяқтық қылмыстардың арасында жоғалған ұялы телефонда сақталған жеке деректерді пайдалану фактілері де бар.

«СБ» ақпарат



Қалқабай Әбенев атындағы байқау өтеді

Облыстық «Сыр бойы» газеті басылымның байырғы редакторы Қалқабай Әбеневтің туғанына 100 жыл толуына орай баспа және электронды БАҚ өкілдері, сондай-ақ тәуелсіз қаламгерлер арасында «Туған жер – тұғырым» атты байқау жариялайды.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

Байқаудың үйлестірушісі: «Сыр медиа» ЖШС және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы, Қ.Әбенев атындағы «Сыр журналистикасы» қоғамдық қоры.

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар: Байқауды ұйымдастыру комиссиясы құрылады.

Байқауға туған жер құндылығы, рухани-мәдени даму, салт-дәстүр, жастар саясаты, ұлттаралық татулық, жалпы ондағы қоғамның бет-бейнесі туралы түрлі жанрдағы (мақала, сұхбат, әңгіме, очерк, жолжазба, өлең, арнайы репортаж, т.б) еңбектер жіберіледі.

Байқау материалдары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Байқауға бұрын-соңды баспа бетінде жарияланбаған, эфирден және сайттарда тек байқау кезеңінде өткен материалдар жіберіледі.

Байқауға қатысушыларға жас шектеуі қойылмайды.

Байқау материалдары тиісті баспа және телеарна жетекшілері, тәуелсіз қаламгерлердің ұсынысы бойынша қабылданады.

Байқауға әрбір қатысушы баспа бойынша материалын 6 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Сондай-ақ, телеарна тілшілері еңбектерін бейнетаспа түрінде ұсына алады. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі, мазмұнның ашылуы,

шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жана әдістерді қолдануға енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі есепке алынады.

Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, мекен-жайына (байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, эл.пошта syrbouy@yandex.kz) мынадай құжаттарды қоса жібереді.

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;

– жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3x4 суреті.

2) байқау материалының қағаз нұсқасы және бейнетаспа.

Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.

Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

Байқау үш кезеңнен тұрады.

1) 2022 жылғы 29 тамыз бен 20 қазан аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;

2) 2022 жылғы 20-25 қазан аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;

3) 2022 жылғы 29 қазанда байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

Байқау жеңімпаздары Қалқабай Әбеневтің ұрпақтары атынан арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Ұйымдастыру комиссиясы

ҮШІНШІ ЕЛДЕРДЕН ӘКЕЛІНГЕН АВТОКӨЛІКТЕРДІ КЕДЕНДІК ТАЗАРТУДАН СОҒ ҒАНА ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ

Соңғы кездерде Қазақстан аумағына шетел азаматтарымен жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын уақытша алып келу жағдайлары жиілеп кеткен. Бұл ретте негізінен Грузия мен Әзербайжан азаматтары. Мұндай көлік құралдары біздің елдің азаматтарының «мелігіне» беріледі. Ескеретін жайт, Буразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) кеден аумағына үшінші елдерден уақытша әкелінген көлік құралдары шетелдік тауарлар болып табылады және кедендік бақылауда болады (үшінші елдер – ЕАЭО құрамына кірмейтін елдер).

ЕАЭО құрамына кіретін елдер – Ресей, Беларусь, Қазақстан, Армения, Қырғызстан.

Осыған орай, Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (бұдан әрі – Департамент) уақытша әкелінген көлік құралдарын сатып алуға және Қазақстан аумағында пайдалануға тек кедендік тазартудан соң және сәйкесінше тиісілі кедендік алымдар мен салықтарды төлеген соң ғана қолдануға болатынын ескертеді.

Жеке пайдалануға арналған шетелдік көлік құралдарын, шет ел азаматтары өз көлік құралдарын әкелгеннен соң Қазақстанның аумағынан белгілі бір уақыттан кейін кетіп қалатыны байқалауда.

Яғни, ЕАЭО аумағына аталған автокөлік құралдары әкелінгенде, Қазақстан азаматына беру мақсатында келген деп пайымдалауда.

Уақытша әкелу мерзімі аяқталғаннан кейін (1 жыл) автокөлік құралдары ЕАЭО аумағынан шығып кетуі қажет. Егер шығып кетпесе, ЕАЭО-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қолданылады.

Департамент Полиция департаментімен бірлесіп отырып, рейдтік іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырған, қолданыстағы заңнамаға

сәйкес ондай көліктер ұсталады.

Қазіргі таңда 4 автокөлік құралы ұсталып, жергілікті атқару органдарының арнайы тұрағына орналастырылған, одан кейін уақытша сақтау қоймаларына орналастырылатын болады.

Осыған байланысты, Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан азаматтарынан жеке пайдалануға арналған автокөлікті сатып алғанда еліміздің заңнамасын сақтауды сұрайды.

Алайда Сіз сатып алғалы жатқан автокөлігіңіздің шығу тегі немесе заңдылығы күдік туғызатын болса, онда Қазақстанда кедендік тазартудан өткені және тиісілі кедендік алымдар мен салықтар төлегені туралы ақпаратты мемлекеттік кірістер органдарынан білуге болады. Ол үшін (87242 215277; 400-105) тұрғылықты жердегі Мемлекеттік кірістер департаментіне хабарласуға болады.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

